

"Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1684 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығын қараңыз.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 1684 қаулысымен
бекітілген

"Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы санитариялық қағидалар (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінің құрылысына жер учаскесін таңдауға, жобалауға, салуға, қайта жаңартуға, жөндеуге, пайдалануға беруге, сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жылытуға, жарықтандыруға, желдетуге, микроклиматына, күтіп-ұстауға және пайдалануға, тәрбиелеу, тұру жағдайларына, тамақтануды ұйымдастыруға, персоналды гигиеналық тәрбиелеуге (жеке гигиенаға), тәрбиелеу мен оқыту жағдайларына (мектеп оқулықтарына), өндірістік практикаға, медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы санитариялық қағидалар мынадай қызметтерді жүзеге асыратын тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қолданылады:

1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту (барлық үлгідегі балалар-сәбилер бақшалары, балалар толық және қысқа мерзімге болатын мектепке дейінгі тәрбиелеу орталықтары, бала күтуші қызметтері);

2) жалпы орта білім беру (мектептер, гимназиялар, лицейлер) бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (кәсіптік лицейлер, училищелер, колледждер, жоғары техникалық мектептер) және жоғары кәсіптік білім беру (университеттер, академиялар, институттар және оған теңестірілгендер (консерваториялар, жоғары мектептер, жоғары училищелер), сондай-ақ арнайы және түзету оқу бағдарламаларын іске асыру;

3) балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және олардың тұратын орындарын ұйымдастыру (сәбилер үйлері, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, кәмелетке толмаған балаларды бейімдеу орталықтары, интернат ұйымдары, жасөспірім балалар үйлері, пансионаттар, медреселер, жетімханалар және басқалары);

4) балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және дене тәрбиесін (қосымша білім беру мекемелері – балалар мен жастар шығармашылығы орталықтары, музыкалық, спорт және көркемсурет мектептері, жасөспірім балалар орталықтары, аулалық клубтар, жас натуралистер станциялары, оқу-өндірістік комбинаттары, оқу курстары және басқа да мектептен тыс ұйымдар) ұйымдастыру.

3. Санитариялық қағидаларды қабылдағанға дейін пайдалануға берілген балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісілген мерзімдерде осы Санитариялық қағидалардың талаптарына с ә й к е с к е л т і р і л е д і .

4. Осы Санитариялық қағидалардың орындалуын бақылауды халықтың

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік
о р г а н ж ү з е г е а с ы р а д ы .

5. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүргізу кезінде осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне зертханалық-аспаптық зерттеу жүргізіледі.

6. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылды:

1) шағын жинақталған мектеп – оқушылар контингенті аз, біріккен сынып-жиындары және оқу сабақтарын ұйымдастырудың ерекше түрі бар жалпы білім беру мектебі ;

2) арнайы киім – шикізаттарды, қосымша материалдарды және дайын өнімді механикалық бөлшектерден, микроорганизмдерден және басқа да ластанудан қорғауға арналған персоналдың қорғаныш киімінің жиыны;

3) бракераж – органолептикалық көрсеткіштер бойынша тамақ өнімдерінің және дайын тамақтардың сапасын бағалау;

4) гимназия – оқушылардың бейімділігі мен қабілеттілігіне байланысты бастауыш, негізгі орта және гуманитариялық салалар бойынша жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

5) дайындау бөлмесі – азық-түлік шикізаттарын дайындау және жартылай фабрикаттарды өңдеу жүргізілетін үй-жай;

6) дайындау алдындағы бөлме – жартылай фабрикаттардан дайын тамақ өнімін дайындауды жүзеге асыратын үй-жай;

7) дене тәрбиесі – адамның денсаулығын нығайтуға және дене күші қабілетін дамытуға бағытталған қызмет саласы;

8) жалпы білім беру мектебі – әрқайсысы жеке қызмет істей алатын, бастауыш, негізгі және жоғары үш деңгейді қамтитын негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын орта білім беретін оқу орны;

9) жартылай фабрикаттар – алдын ала жылумен өңдеуге дайындалған шикі тамақ өнімдері ;

10) жарамдылық мерзімі – тамақ өнімін шығару (дайындау), айналысы үдерістерінің (сатыларының) шарттары сақталған кезде мерзімі өткенше тамақ өнімін мақсаты бойынша пайдалану үшін қауіпсіз болып саналатын кезең;

11) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары – жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұратын орындар бере отырып, тәрбиелеу мен білім беру үшін қолайлы жағдай жасалатын білім беру жүйесінің мемлекеттік мекемесі ;

12) жиынтық оқу жүктемесі – факультативтік және секциялық сабақтарды, үйірмелерді өткізуге бөлінетін сағаттары бар оқу сағаттарының жиынтығы;

13) инсоляция – үй-жайды гигиеналық бағалау үшін күн радиациясының

н о р м а л а н а т ы н к ө р с е т к і ш і ;

14) интернат ұйымдары – тұратын орын бере отырып, белгілі бір санаттағы адамдардың білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін білім б е р у ұ й ы м д а р ы ;

15) интерлиньяж – кітаптағы және басқа да баспа басылымдарындағы екі жол а р а с ы н д а ғ ы а р а л ы қ , а ш ы қ ж е р ;

16) кәмелетке толмаған балаларды бейімдеу орталықтары (бұдан әрі – КББО);

17) қажу – жұмысқа қабілеттіліктің, организмнің функционалдық мүмкіндігінің у а қ ы т ш а т ө м е н д е у ж а ғ д а й ы ;

18) қатарластырып орналастыру – жиһаздар мен жабдықтарды үй-жайдың ортасында, б і р і н е н к е й і н б і р і н қ а т а р о р н а л а с т ы р у ;

19) кегль (кегель) – әріптің биіктігін (очко) және оның астыңғы және үстіңгі бос аралығын қоса алғандағы қаріп өлшемі, пунктпен өлшенеді – 1 пункт 0,376 миллиметрге т е ң (б ұ д а н ә р і – м м) ;

20) климаттық аймақ – климаттық белгілері (температура, ылғалдылық) б о й ы н ш а б ө л і н е т і н а у м а қ ;

21) қоғамдық тамақтану – тамақ өнімдерін өндірумен, қайта өңдеумен, өткізумен және тұтынуды ұйымдастырумен байланысты қызмет;

22) балаларға қосымша білім беру мекемелері – балалар мен жасөспірімдердің жеке тұлғасын дамытудың, денсаулығын нығайтудың және кәсібін өзі белгілеудің, шығармашылық еңбегінің, олардың жалпы мәдениетін қалыптастырудың, жеке тұлғаны қоғамдағы өмірге бейімдеудің, бос уақытын пайдалы өткізуді ұйымдастырудың қажетті жағдайларын қамтамасыз етуге арналған м е к т е п т е н т ы с м е к е м е ;

23) күні – балалар мен жасөспірімдерге арналған тәрбиелеу мен білім беру ұйымдарындағы б е л г і л е н г е н к ү н т ә р т і б і ;

24) литера – дөңбек жағында бедерлі әріп, сан немесе белгі бейнеленген типографиялық қорытпадан, ағаш немесе пластмассадан жасалған тік бұрышты ш а ғ ы н б і л е у ;

25) лицей – оқушылардың бейімділіктері мен қабілеттеріне сәйкес тереңдетіп, бейінді, саралап оқытуды көздейтін негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын орта білім беретін оқу орны;

26) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымы (бұдан әрі – МДТОҰ) – мектепке дейінгі жастағы балалар үшін қызметтің ерекше түрлерін есепке ала отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын, сондай-ақ қосымша сауықтыру және заңнамада көзделген басқа да қызметтерді көрсететін, сыйымдылығы 4-тен 12-ге дейін топтар болатын м е к т е п к е д е й і н г і ұ й ы м д а р ;

27) мектеп алды сыныптары – жалпы білім беретін мектептерде бес, алты

жастағы балаларды тегін міндетті мектеп алды даярлау жүргізілетін сыныптар;

28) мектеп оқулығы – нақты білім саласындағы материал қазіргі заманғы ғылым мен мәдениеттің деңгейінде жүйелі түрде берілетін оқушыларға арналған к і т а п ;

29) оқу сағаты – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін сабақтың (жаттығудың) немесе дәрістердің сабақ басталғаннан үзіліске дейінгі ұ з а қ т ы ғ ы ;

30) оқу жүктемесі – әрбір жас тобы үшін оқу сағаттарымен өлшенетін оқу-тәрбие үдерісіне оқушылар мен тәрбиеленушілердің қатысуының н о р м а л а н а т ы н ж и ы н т ы ғ ы ;

31) оқушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ і білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалады;

32) оқу құралы – тиісті оқу бағдарламасының белгілі бір пәні бойынша материалы мазмұндалатын оқушылар мен тәрбиеленушілерге арналған әдебиет;

33) оңтайлы микроклиматтық жағдай – балаларға ұзақ және жүйелі әсер ету кезінде термореттегіш тетіктерінің көмегінсіз организмнің қалыпты жылуы жағдайын сақтауды қамтамасыз ететін микроклиматтың сандық көрсеткіштерінің ү й л е с і м д і г і ;

34) ортасына орналастыру – жиһаз бен жабдықты үй-жайдың ортасында т о п п е н о р н а л а с т ы р у ;

35) очко – литерде, стереоүлгіде дөңбек жағында бедерлі әріптерді немесе белгілерді б а с ы п ш ы ғ а р а т ы н б е т ;

36) периметрлік орналастыру – жиһаздарды, жабдықтарды қабырғаға (периметр бойынша) ж а қ ы н о р н а л а с т ы р у ;

37) петит – 8 пунктке (3 мм жуық) сәйкес келетін типографиялық қаріп, кегль (ө л ш е м) ;

38) рекреация – үзіліс кезінде және сабақтан бос уақытта оқушылардың демалуына және күшін қалпына келтіруге арналған үй-жай;

39) рухани (діни) білім беру ұйымдары – діни қызметкерлерді даярлаудың кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

40) сақтау мерзімі – тамақ өнімінің нормативтік құжаттарда көрсетілген өздерінің барлық қасиеттерін сақтайтын, белгіленген шарттарды сақтау кезеңі;

41) санитариялық-аулалық қондырғылар (САҚ) – жерүсті бөлігі мен қазылған шұңқыры бар, ғимараттан кемінде 25 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта, объектінің аумағында орналасқан кәрізденбеген дәретхана. Жерүсті үй-жайларын тығыз бір біріне тығыз жалғасқан материалдармен (тақтайлармен, кірпіштермен,

блоктармен) жасайды. Шұңқыр су өткізбейтін материалдан жасалады. Шұңқырдың тереңдігі жерасты суының деңгейіне байланысты, бірақ 3 метрден аспайды;

42) сәбилер үйі – жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, некесіз жас аналардан туған балаларды, сондай-ақ ақыл-есі мен дене бітімі кемтар балаларды тәрбиелеуге және оларға медициналық көмек көрсетуге арналған мемлекеттік мекеме;

43) септик – сарқынды сұйықтық ағып өтетін бір немесе бірнеше камераны қамтитын, көлденең үлгідегі жерастындағы тұндырғыш ретінде шағын көлемдегі тұрмыстық сарқынды суды тазалауға арналған құрылыс;

44) спорт объектілері – балалар және жасөспірімдермен емдеу-сауықтыру, дене шынықтыру-сауықтыру, оқу-тәрбиелік жұмыстарды және бос уақытты мәдени ұйымдастыратын және жүзеге асыратын ұйымдар;

45) сыныптардың толықтырылуы – бұл оқу сыныбының үй-жайының ауданына қатысты сыныптағы оқушылардың саны;

46) тауар көршілестігі – тауардың сапасына әсер ететін ластануын және бөгде иістердің сіңуін болдырмайтын, шикі және дайын өнімдердің бірге сақталуына және өткізуіне жол бермейтін жағдайлар;

47) таңертеңгі сүзгі – инфекциялық аурудың әкелінуінің алдын алуға бағытталған профилактикалық медициналық іс-шаралар;

48) тез бұзылатын тамақ өнімдері – қатаң регламенттелген мерзім ішінде тасымалдаудың, сақтаудың және өткізудің арнайы талаптарын қажет ететін тамақ өнімдері;

49) технологиялық жабдық – өндіріс жұмысы үшін қажетті механизмдердің, машиналардың, құрылғылардың, құралдардың жиынтығы;

50) табиғи жарықтандыру коэффициенті (бұдан әрі – ТЖК) – үй-жайды табиғи жарықтандырудың нормаланатын көрсеткіші;

51) ұтымды тамақтану – тамақтанудың физиологиялық және жас ерекшелік нормаларын ескере отырып, теңестірілген тамақтандыру;

52) топтық бөлік – бір топтағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеуді және оқытуды ұйымдастыруға арналған үй-жайлардың жиынтығы;

53) топтың жинақталуы – топтағы балалардың нормаланатын саны;

54) түсіру орны – азық-түлік шикізаттарын және тамақ өнімдерін қабылдайтын орны;

55) форзац – екі төрт беттік парақ, оның біреуі кітап блогының бірінші парағын мұқабаның алдыңғы жағымен біріктіреді, ал екіншісі – блоктың соңғы парағын артқы бетімен қосады;

56) халықтың аз қозғалатын топтары – кресло-арбалармен және/немесе басқа да қосалқы құралдардың көмегімен қозғалатын, тірек-қозғалыс аппараты

бұзылған және онымен ауыратын мүгедектер, сондай-ақ алып жүрушінің көмегімен қозғалатын, нашар көретін және/немесе көзі көрмейтін азаматтар;

57) шағын мектепке дейінгі білім беру ұйымдары (шағын орталықтар) – сыйымдылығы 3 топқа дейін, жеке тұрған ғимаратта, көп пәтерлі тұрғын үйде, сондай-ақ ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналасқан мектепке дейінгі білім беру ұйымдары;

58) шмуцтитул — жеке, таза, мәтінсіз, әдетте тақ санды беттегі оқулық бөлімінің тақырыбы (айдары);

59) кәріп гарнитурасы – әртүрлі кегльдері (өлшемдері) бар, бірақ очколарының суреттері бірдей кәріптер жиынтығы.

2. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінің жер учаскесін таңдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

7. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінің (бұдан әрі – объектілер) құрылысына жер учаскесін таңдауға, жобалауға, салуға, қайта жаңартуға және пайдалануға беруге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болған кезде жол беріледі.

8. Объектілердің учаскелерінің құрамы мен ауданы осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаның талаптарына сәйкес қолданылады.

Әртүрлі үлгідегі арнайы мектеп интернаттарының учаскелері мен алаңдары аймақтарының құрамы мен аудандары осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген.

9. Дене бітімі мен ақыл-естің дамуында кемшіліктері бар балаларға арналған арнайы түзету білім беру мекемелерінің жер учаскесінің ауданы ұйымның бейініне байланысты кемінде 2,2 гектар (бұдан әрі – га) көзделеді.

10. Жер учаскесінің ауданы есту қабілеті бұзылған балалар үшін бір орынға 50 шаршы метр (бұдан әрі – м²), көру қабілеті және ақыл-есі бұзылған балалар үшін 60 м², тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалар үшін 65 м² есебімен қабылданады.

11. Көп қабатты тұрғын үйлерде, жеке үй иелігінде, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналастырылатын мектептен тыс ұйымдарда жеке жер учаскесі болмауы мүмкін.

12. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (кәсіптік лицейлер, училищелер, колледждер, жоғары техникалық мектептер) (бұдан әрі –

ТКБ), жоғарғы кәсіптік білім беру (университеттер, академиялар, институттар және оған теңестірілген (консерваториялар, жоғары мектептер, жоғары училищелер (бұдан әрі – ЖОО) орындарының, жалпы білім беретін ұйымдардың және интернаттардың, мектептен тыс ұйымдардың учаскесінің аумағы кемінде 1,2 метр биіктікте, сәбилер үйлерінде, МДТОҰ-да, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, кәмелетке толмаған балаларды бейімдеу орталықтарында (бұдан әрі – КББО) кемінде 1,6 м биіктікте, білім берудің арнайы түзету ұйымдарында кемінде 2 м биіктікте қоршалады.

13. Объект учаскесінің көгалдандыру ауданы учаскенің жалпы ауданының 30 пайызында (бұдан әрі – %) және одан да артық көзделеді. Аумаққа улы жемістерді, сондай-ақ гүлдегенде мамықты тұқымдар беретін ағаштар мен бұталарды отырғызуға жол берілмейді.

14. Объектінің учаскесіне кіру және көлікпен кіру жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинайтын алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыларға өтетін жолдар асфальтпен, бетонмен немесе басқа да қатты жабынмен жабылады.

Қарау құдықтары бар аумақ тығыз жабылатын люктермен жабдықталады.

15. Қоқыс жинағыштар тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталады, ғимараттан кемінде 25 м қашықтықта, үш жағынан қоршалған, бетондалған немесе асфальтталған алаңға орнатылады. Көп пәтерлі тұрғын үйдің бірінші қабатында, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналастырылатын объектілердің қоқысын жинау үшін тұрғын үйдің ортақ қоқыс салғышы пайдаланылады.

16. Объектінің аумағында және оның қоршауының сыртынан 5 м радиуста күнсайын жинау жүргізіледі.

17. Объектінің (ішіне-жапсарлас салынған ғимараттарда орналасқан объектілерді қоспағанда) жер учаскелерінде: негізгі ғимарат(тар), демалыс, дене шынықтыру-спорт және шаруашылық орналастыру аймақтары бөлінеді.

Ұйымның түріне сәйкес мынадай қосымша аймақтар: сәбилер үйлерінде, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, МДТОҰ-да топтық алаң аймағы ТКБ-да, ЖОО-да оқу-өндірістік, әскери дайындық, тұрғын (жатақхана, сауда, қоғамдық тамақтану және тұрмыстық қызмет көрсету объектілері), автомобильдер мен басқа да автокөліктер тұрағы үшін ашық алаңдар көзделеді. Оқу-тәжірибе аймағы бейініне байланысты бөлінеді.

Мектептен тыс мекемелерде аймақтардың санын және олардың көлемін іске асырылатын бағдарламалардың бағытына байланысты мекемелердің өздері ақындауы мүмкін.

18. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру ұйымдарының санитариялық аспаптарының саны мен көлемі осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес объектілердің түріне және бейініне байланысты көзделеді.

19. Жалпы білім беретін және интернат ұйымдарының, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балаларға арналған білім беру ұйымдарының, КББО, ТКБ, ЖОО-ның дене шынықтыру-спорттық аймағында жабдықтары және спорттық снарядтары, жүгіру жолы, секіруге арналған шұңқырлары бар қозғалыс ойындарына (футбол алаңы, баскетбол және (немесе) волейбол алаңдары) арналған алаң көзделеді.

Ашық ауадағы дене шынықтыру және спорт алаңдары таза ұсталуы және тегіс болуы, зақымдалуға және жарақаттануға себеп болуы мүмкін бөгде заттардан бос болуы тиіс.

20. Секіруге арналған шұңқырларды үгінділер қосылған таза (тас, бұтақтар, жапырақтары жоқ) құммен толтырады, секіру алдында ішін қопсытады және тегістейді. Шұңқырлардың ағаш ернеулері жердің бетімен бір деңгейде орналастырылады. Мектептен тыс спорт ұйымдарындағы шұңқырлардың ернеулерін брезентпен немесе резеңкемен қаптайды. Жүгіру жолдарының беткі қабатын қатты, жақсы құрғатылған, нығыз, шаңданбайтын, атмосфералық жауын-шашынға төзімді жабыннан жасайды.

21. Шаруашылық аймақта қазандықтарды, отын қоймасын, басқа да шаруашылық құрылыстарды орналастырады. Сәбилер үйінің, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балаларға арналған ұйымдардың, МДТОҰ-ның, КББО-ның, интернат ұйымдарының аумағында көкөністер өсіруге жол беріледі. Шаруашылық аймақ көкөніс пен жеміс-жидектер қорларын сақтау үшін көкөніс сақтайтын қоймасы жабдыкталады.

22. Шаруашылық аймақта қатты төсем (асфальт, бетон) төселеді және дербес кіретін жол болады. Көлік кіретін жол ұйымның топтық алаңдарына, сондай-ақ демалыс аймағына баратын жаяу жүргінші жолымен қиылыспауы тиіс.

23. Объект учаскесінің аумағында жаңбырдың және еріген сулардың ағызылуы көзделеді.

24. Объект ғимаратының сыртқы жарықтандыру жабдығы аумаққа біркелкі жарықтың түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Учаске аймағында кешкі мезгілде, соның ішінде санитариялық-аулалық қондырғыларда жасанды жарықтандыру мына нормалар негізінде көзделеді: жерде қызу шамдары болған жағдайда кемінде 10 люкс (бұдан әрі – лк), люминесцентті шамдар кезінде 20 лк, арнайы түзету білім беру ұйымдары үшін тиісінше 20 лк және 40 лк.

25. Сәбилер үйінің, МДТОҰ-ның топтық алаңдары әрбір балалар топтары үшін бөлек болуы тиіс, сәби топтарда бір орынға $7,5 \text{ м}^2$ және мектепке дейінгі

ұйымдарда $7,2 \text{ м}^2$ аудан көзделеді. МДТОҰ-да ойын алаңдарының көлемі бір орынға кемінде 6 м^2 қабылданады. Барлық алаңдар бір бірінен жасыл көшеттермен (бұталармен) оқшауланады.

26. Әрбір топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғайтын және көлеңке түсіретін ауданы 40 м^2 болатын көлеңке қалқалары болуы тиіс. Көлеңке түсіретін қалқалардың едені ағаш тақтайлардан болуы тиіс. IV климаттық белдеудегі және III Б ауданындағы көлеңкелік қалқалар екі жағынан қоршалады.

Сәбилер үйінің жасыл учаскелерінде дене шынықтырумен айналысу үшін алаңдар орналастырады.

27. Көп пәтерлі тұрғын үйлердің бірінші қабатында, жеке үй иелігінде, ішіне – жапсарлас салынған үй-жайларда орналастырылатын МДТОҰ-нда есік алды аумағында МДТОҰ-дан 50 м аспайтын қашықтықта және МДТОҰ ғимаратының сыртқы қабырғасынан немесе көп пәтерлі тұрғын үйден кемінде 10 м қашықтықта 1 балаға көлемі кемінде $3,5 \text{ м}^2$ болатын тек ойын алаңын көздеуге жол беріледі.

28. Сәбилер үйі мен МДТОҰ-ның ойын алаңдарында ғимараттағы топтық бөліктерге сәйкес келетін үй-жайдан шығу есігімен ыңғайлы байланыс болуы тиіс. МДТОҰ-ның сәби жастағы балаларына арналған алаңдар осы топтардың үй-жайлардан шығу есігіне тікелей жақын орналасады.

29. Ойын алаңдарындағы жабдық балалардың бойына және жасына сай орналастырылуы, сенімді және берік етіп бекітілуі тиіс. Жабдықтың бетінде шығыңқы немесе кедір-бұдырлы жерлер, көрінетін бұрандалар болмауы тиіс, су өткізбейтін жабыны болуы және жақсы тазартылуы тиіс.

30. Сәби жастағы балалар үшін қозғалыс ойындарына арналған жабдықтары бар аймақтың беті – шөптен, қалған барлық аймақтар – қатты немесе құм себілген немесе ұсақ қиыршық тастармен нығыздалған құм жабынынан болуы тиіс. Тротуар плитаны қолдануға жол беріледі.

31. Объектінің жер учаскесі ғимараттан қызыл сызыққа дейінгі қашықтығы кемінде 25 м, ауылдық елді мекендерде кемінде 10 м болуы тиіс.

Жер учаскелері гараждарға және ашық тұрақтарға дейінгі қашықтықта автомобильдер санына байланысты бөлінеді: 10 машинаға дейін және одан аз – 15 м; 10-нан бастап 100 машинаға дейін – 25 м; 100 машинадан артық – 50 м.

32. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларға арналған учаске аумағында тротуарлар мен жолдың еңістігі 5 градустан (бұдан әрі – $^\circ\text{C}$) аспайтын, жолдың ені кемінде 1,6 м болуы көзделеді. Бұрылыстарда және әрбір 6 м сайын демалысқа арналған алаң көзделеді.

33. Соқыр және нашар көретін балаларға арналған учаскеде серуендейтін жолдардың ені кемінде 3 м болуы және екі деңгейдегі екі жақты қоршауы: 90

сантиметр (бұдан әрі – см) биіктікте баспалдақ таянышы және 15 см биіктікте планкасы болуы тиіс. Балалардың жүруіне кедергі келтіретін барлық заттарға (ағаштар, бұталар, бағандар) арналған қоршау көзделеді. Дуалдар, қабырғалар, бағаналар және басқа да кедергілер ойын алаңының шекарасынан кемінде 2,5 – 3,0 м қашықтықта орнатылуы тиіс.

3. Объектілерді жобалауға, салуға, қайта жаңартуға, жөндеуге, пайдалануға беруге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

34. Объектілер бөлек ғимаратқа немесе бірнеше бөлек ғимараттарға орналастырылуы тиіс. Ғимараттарды жылу өтетін жерлермен жалғастыруға жол беріледі. IV климаттық ауданда орналастырылатын ғимараттар үшін жылытылатын өту құрылғылары қажет етілмейді.

35. Сәбилер үйін арнайы жеке тұрған 1 – 2 қабатты ғимараттарда орналастырады.

36. МДТОҰ объектілерін 3-қабаттан асырмай жобалайды. Сейсмикалық аудандарда орналасқан жалпы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жалпы білім беру ұйымдары объектілерін 4 қабаттан аспайтындай етіп жобалайды. 4-ші қабатта әкімшілік-шаруашылық үй-жайларды, мұражайды, зертханаларды, препараттар үй-жайларын орналастыруға жол беріледі. МДТОҰ ғимаратының үшінші қабатында ересек (4 жастан бастап) жас тобындағы балалардың топтық бөліктері, залдар және жұмысқа арналған өзге де арнайы үй-жайлар, қызметтік-тұрмыстық және рекреациялық үй-жайлар орналастырылады.

Көп пәтерлі тұрғын үйдің бірінші қабатында орналастырылатын объектілердің тұрғын үйдің кіреберісімен қосылмаған бөлек есігі болады.

37. Жалпы білім беретін ұйымдардың мектепке дейінгі және бастауыш сыныптары екінші қабаттан жоғары орналастырылмайды.

38. Тірек-қозғалыс жүйесі бұзылған және соқыр балаларға арналған арнайы түзету жалпы білім беру ұйымдарының ғимараты екі қабаттан артық болмауы тиіс. Саңырау және сөйлеу қабілеті қиын балалар үшін үш қабатты ғимарат салуға жол беріледі. Арнайы түзету жалпы білім беру ұйымдарының мектеп жасына дейінгі тобын ұйымдастыру кезінде топтық бөліктерді екі қабаттан асырмай, көру қабілеті нашар балалар үшін бір қабатты бөлек ғимаратта немесе блоктарда орналастырады.

39. Сәбилер үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, МДТОҰ-ның үй-жайлардың ауданы осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес келуі тиіс.

Арнайы түзету білім беру ұйымдарындағы оқу үй-жайының ауданы бір оқушы есебінен қабылданады:

- 1) ақыл-есі дамымаған балалар және психикалық дамуы кешеуілдеген балалар үшін – 2,2 м²;
- 2) полиомиелит салдарынан зардап шеккен және енжар паралич ауруымен ауыратын балалар үшін – 3,5 м²;
- 3) қалған балалар үшін – 3,0 м².

40. Жалпы білім беру ұйымдарының оқу сыныптарындағы үй-жайлардың ауданы 1 оқушыға 2,5 м², шеберханаларда – 3,75 м² болады.

ТКБ мен ЖОО-ның дәрісханаларының ауданы:

- 1) 12 – 15 орын үшін 1 оқушыға 2,5 м²;
- 2) 25 орын үшін 1 оқушыға 2,2 м²;
- 3) 30 орын үшін 1 оқушыға 1,8 м².

Бастауыш және орта кәсіптік білім беретін ұйымдарда 50 – 150 орын үшін 1 оқушыға 1,2 м².

Жоғары оқу орындары мен оқу комбинаттарында:

- 1) 50 – 75 орын үшін 1 оқушыға 1,5 м²;
- 2) 75 – 100 орын үшін 1 оқушыға 1,3 м²;
- 3) 75 – 100 жоғары орындар үшін 1 оқушыға 1,3 м²;
- 4) 100 – 150 жоғары орындар үшін 1 оқушыға 1,2 м²;
- 5) 150 – 350 жоғары орындар үшін 1 оқушыға 1,1 м²;
- 6) 350 және одан жоғары орындар үшін 1 оқушыға 1,0 м².

Дәрісханалар, оқу кабинеттері, зертханалар жерүсті қабаттарда орналасуы тиіс.

41. Мектептен тыс мекемелердің негізгі және қосымша үй-жайлары ауданының көлемі қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға, бір реттік сыйымдылыққа, білім беру технологиясына, инженерлік-техникалық жабдыққа, қажетті жиһазбен жарақтандыруға байланысты осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қабылданады.

Майлы көркем сурет шеберханалары үшін 1 оқушыға ауданы кемінде 4,8 м² үй-жай, 1 оқушыға ауданы кемінде 4,0 м² акварельді көркем сурет және суретке арналған шеберханалар, 1 оқушыға кемінде 3,6 м² мүсін жасау шеберханалары; 1 оқушыға кемінде 4,5 м² қолданбалы өнер және композиция шеберханалары бөлінеді. Қолданбалы өнер және композиция шеберханаларының жанында ауданы кемінде 9 м² қойма болуы тиіс, мүсін жасау шеберханасының жанында –

саз және гипсты сақтауға арналған екі қойма болуы тиіс.

Музыкалық сабақ жүргізу үшін ауданы кемінде 12 м² фортепьянода және басқа да (ішекті, үрмелі, халықтық) аспаптармен жеке сабақтарға арналған; ауданы кемінде 36 м² музыкалық-теориялық сабақтарға арналған (15 оқушыға дейін) топтық; ауданы 1 адамға кемінде 2 м², биіктігі 4,0 м төмен емес хор және оркестр сабақтарына арналған үй-жайлармен жабдықталады.

Музыкалық бөлімшенің жанында ауданы кемінде 10 м² музыкалық аспаптарды сақтауға арналған үй-жай болуы тиіс.

Музыкалық аспаптармен жүргізілетін сабақтарға арналған үй-жайлардың әрленуі дыбыс оқшаулау іс-шараларын көздеуі тиіс.

Хореография сабақтары үшін бір оқушыға ауданы 3 – 4 м² есебімен ырғақтық және би сабақтарына арналған зал жабдықталады.

Теориялық сабақтарды ұйымдастыру кезінде қосымша білім беру мекемелерінде ауданы бір адамға кемінде 2,5 м² есебімен үй-жай бөлінеді.

42. Балалардың саны объектінің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Сырттай оқу түрі ұйымдастырылған кезде жобалық сыйымдылық 30%-ға кеңейтіледі. Қашықтан оқу түрі бойынша оқитындардың саны жалпы санға е н г і з і л м е й д і .

43. Оқудың 2-ші ауысымдық тәртібін ұйымдастыру әрбір ауысымда 1 оқушыға бөлінетін орын нормалары сақталған жағдайда және балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен оқыту жағдайларына осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес келген жағдайда жол беріледі.

44. Әртүрлі жастағы балалар топтары үшін оқу-тұру үй-жайлары өтпелі жолда болмауы, бір-бірінен, әкімшілік, шаруашылық, жалпы мектеп үй-жайларынан оқшаулануы тиіс.

45. Объектінің қабаттар аралығындағы өту баспалдақтары ішкі қабырғалардағы ойықтар арқылы табиғи жарықтандырумен жобаланады. Баспалдақтардың биіктігі кемінде 1,2 метр қоршауы болуы тиіс. Сәбилер үйінде және МДТОҰ-да тұтқалар ересек адамдар үшін 0,85 м биіктікте, балалар үшін 0,5 м биіктікте орналасуы тиіс, баспалдақтар қоршауындағы тігінен орнатылған элементтердегі саңылаулар 0,1 м аспайтын болуы тиіс, оларды көлденең орнатуға жол берілмейді.

46. Ғимаратты жобалау кезінде халықтың аз қозғалатын топтары үшін пандустар және сүйеніштер орнатылуы тиіс. Ғимаратта лифт болмаған кезде және пандус қондырғысын орналастыру мүмкін болмаған жағдайда, жеке пайдалануға арналған бейімделген кресло-арбаларды пайдалануға арналған арнайы көтергіш қондырғы немесе лифт көзделеді.

47. Балалардың алаңдауын болдырмау немесе педагогикалық, медициналық,

әкімшілік аппараттарының жұмысына кедергі келтірмеу үшін (сорғы қондырғысы бар бойлерлер, өндірістік үй-жайлар, жөндеу шеберханалары, сорғы бөлімшелерімен салқындатқыш камералар, желдеткіш камералары, компрессорлық, оқу-өндірістік шеберханалары және т.б) қолдану тәртібі शुмен жалғасатын үй-жайлар ұйықтау бөлмелерімен, оқу, емдеу-диагностикалық үй-жайларға көршілес, астында немесе үстінде орналастыруға жол берілмейді.

48. Барлық үй-жайлардың биіктігі (залдық үй-жайларды қоспағанда) 3,0 м төмен емес, спорттық зал кемінде 6,0 м көзделеді.

49. Жалпы білім беретін және интернат ұйымдарын бірінші қабатта немесе жеке корпуста жобалаған кезде мынадай үй-жайлар жиыны бар спорт залы көзделеді: себезгі және санитариялық тораптары бар 2 киім ауыстыратын бөлме, мұғалім кабинеті, снаряд бөлмесі немесе спорттық жабдықтарын сақтауға арналған қойма және жинау жабдықтарын сақтауға арналған үй-жай.

50. Барлық интернат ұйымдарында оқушылардың жеке сабағы үшін оқу-тұру үй-жайлары тобына орналастырылатын бір балаға кемінде $2,5 \text{ м}^2$ полиомиелит салдарынан зардап шеккен және енжар паралич ауруымен ауыратын балалар үшін $4,5 \text{ м}^2$ есебімен бөлмелер көзделеді.

51. Арнайы түзету білім беру ұйымдарында бейініне байланысты мынадай қосымша кабинеттер көзделеді:

1) саңырау, нашар еститін және сөйлеу қабілеті бұзылғандарға арналған фронталдық жұмыс үшін есту кабинеті, оқушының естуін дамыту және дұрыс сөйлеуге үйрету бойынша оқытушының жеке жұмысына арналған кабинет; айнасы бар қабырғалары және хореографиялық станоктары бар музыкалық-ритмикалық сабақ өткізуге арналған кабинет;

2) ақыл-есі дамымаған балалар үшін – логопедиялық кабинеттер;

3) соқыр және нашар көретін балалар үшін – логопедиялық және лингафондық кабинеттер, машинамен басу, электротехника, жапсыру және көркемдеп сурет салу кабинеттері, жеке музыкамен айналысуға арналған бөлме;

4) рекреация – бір оқушыға кемінде 1 м^2 есебімен оқу және тұрғын секцияларындағы қонақ үйлер;

5) барлық ұйымдарда ауданы 162 м^2 болатын спорт залы және медициналық блокта емдік дене шынықтыру кабинеттері немесе залдары;

6) соқыр және нашар көретін балалар үшін спорт залы екі аймаққа бөлінеді: снаряд бөлмесі (аз аймақ) және негізгі (үлкен аймақ). Аз аймақ еденінің биіктігі негізгі аймақтың еденінен 6 – 7 см жоғары болуы тиіс.

52. Арнайы түзету білім беру ұйымдарындағы ғимараттардың сыртқы есіктері бір жақты болуы көзделеді және оқытушы жағынан орналастырылады. Соқыр және нашар көретін балалар үшін ұйымдардағы баспалдақтардың

жоғарысында және төменінде, баспалдақтың бірінші және соңғы сатыларының тұтқасы кедір-бұдырланып белгіленеді.

53. Персоналға арналған жеке гигиеналақ бөлмелері мен санитариялық тораптар әкімшілік үй-жайлардың аймағында орналастырылады.

54. Үй-жайларды қабаттар бойынша орналастыру кезінде олардың функционалдық мақсатын, учскемен байланыс дәрежесін есепке алу қажет: 1) мүсін жасау, керамика шеберханалары (учаскеде қосымша үй-жайларда сақталатын материалдарды пайдаланумен байланысты) учаскеге шығу есігі бар бірінші қабаттарға орналастыру қажет;

2) бірінші қабаттарда ірі көлемді немесе станок жабдығы бар әскери-спорттық сабақтарға, техникалық шығармашылыққа арналған үй-жай, фортепьяномен жеке сабақтарға арналған бөлмелер, көпшілік іс-шаралар жүргізуге арналған залдар, дәрігердің кабинеті, асханалар, буфеттер орналастырған орынды;

3) ғимараттардың соңғы қабаттарында химиялық-техникалық, астрономиялық (обсерваторияларымен) зертханалар, үрмелі аспаптармен сабаққа арналған үй-жай орналастыру керек; жоғары қабаттарда жоғарыдан жарықтандыруды ұйымдастыру кезінде көркем сурет шеберханасын орналастыру ұсынылады.

Ағаш өңдеу жөніндегі шеберханалардан және металл мен ағаш өңдеу жөніндегі аралас шеберханалардан тұратын мекемелердің ғимараттарында сыртқа қарай (жылытылған тамбур арқылы) немесе басқа мақсаттағы кабинеттердің шығу есігі жоқ шеберханаларға іргелес дәліз арқылы қосымша шығу есігі көзделуі қажет.

55. Қосымша білім беру ұйымдарында гуманитариялық бейіндегі (тарих, өлкетану, география, әдебиет, елтану және басқалар) қызметті ұйымдастыру кезінде жалпы білім беру мекемелеріне арналған талаптарды ескеру керек.

56. Спорт залының ауданы бір спортпен айналысушыға кемінде 4 м^2 болуы тиіс. Еден ағаштан болуы немесе арнайы жабыны болуы, еденнің беті тегіс, ойықсыз және зиянсыз болуы тиіс. Зал қабырғаларының шығыңқы жерлері, ернеуі болмауы тиіс. Батареялар терезе асындағы қуыстарда орналастырылады және торлармен жабылады немесе еденнен 2,4 м биіктікте орнатылады. Терезелерде және жарықтандыру құралдарында қоршау құрылғылар көзделуі тиіс.

57. Объектілердің цокольдық қабатында мынадай үй-жайларды орналастыруға жол беріледі: кір жуатын орын, ас блогы, қоймалар, киім ілетін орындар, персоналдың демалу бөлмесі, себезгі, дәретханалар.

Балалар мен жасөспірімдер объектілерінің цокольдық қабатында балалар

болатын үй-жайларды, білім беру ұйымдарының оқу үй-жайларын, сондай-ақ жатын үй-жайларды орналастыруға жол беріледі.

58. Объектінің акт залы бір орынға ауданы кемінде $0,6 \text{ м}^2$ болатын нормамен жалпы оқушылар мен тәрбиеленушілер санының 30%-ын бір мезгілде орналастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Соқыр және нашар көретін балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттарында акт залының ауданы бір орынға $0,65 \text{ м}^2$ есебінен көзделеді, ақыл-есі дамымаған балалар үшін норманы $0,8 \text{ м}^2$ дейін жоғарылатады.

59. ТКБ, әртүрлі курстарды, біліктілігін арттыру топтарын ғимараттың бірінші қабатында ішіне – жапсарлас салынған үй-жайларда бөлек кіру есігі орнатылған кезде 100 м^2 -ден аспайтын алаңда орналастыруға жол беріледі. Оқу сыныптарына қойылатын талаптар осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес қолданылады.

60. Үй-жайларды әрлеу үшін олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар құрылыс материалдары пайдаланылады. Эпидемияға қарсы, дезинфекциялау ремимдерін сақтауды қажет етпейтін үй-жайларда (вестибюльдерде, дәліздерде, холлдарда) әртүрлі конструкциялық аспалы төбелерді қолдануға жол беріледі.

61. Қарапайым де пайдаланылатын үй-жайлар төбелерінің, қабырғаларының, едендерінің, жабдығының беттері тегіс, күліңгір болуы, жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды жинау жүргізуге ыңғайлы болуы тиіс.

62. Медициналық үй-жайлардың ішін әрлеу үшін күрделі жинау мен дезинфекциялау жүргізуге ыңғайлы материалдар көзделеді.

63. Үй-жайларда майлы бояумен боялған ағаш немесе жылы негізде линолеум төселген еден көзделеді. Еңбекке баулу шеберханаларындағы еден ағаш (ағашты және металлды өңдеу) болуы; химия кабинеттері мен зертханалық кабинеттерде химиялық реагенттерге төзімді материалдан болуы тиіс.

Еденнің бетіне линолеум төсеген кезде негізге тығыз жапсырылуы, ойығы, сызаты, саңылауы болмауы тиіс. Линолеумнің бір-біріне жанасатын жерлерінің арасы мұқият дәнекерленеді. Қабырғаның тұсындағы линолеумнің жиектері қабырға мен еденнің арасын біріктіретін еден кемерінің астына келтіріледі. Вестибюльдердегі, рекреациялардағы, баспалдақ аралықтарының едендері механикалық әсерге төзімді материалдан жасалады.

64. Раковиналарды және басқа да санитариялық-техникалық құралдарды, сондай-ақ оларды пайдалану қабырғалары мен арақабырғаларын ықтимал ылғалдандырумен байланысты жабдықтар еденнен $1,8 \text{ м}$ биіктікте және жабдықтар мен құралдардан жан-жағынан 20 см шығып тұратындай етіп,

судан оқшаулағыш жалтыратылған тақтайшамен немесе ылғалға төзімді басқа да материалдардан жасау көзделеді.

65. Себезгі, кір жуу және ыдыс жуу бөлмелерінің едендері траптардың саңылауына қарай еңісі бар ағызу траптарымен жабдықталады.

66. Ғимараттың (ғимараттардың) әр қабатында жинау мүкәммалын сақтауға және өңдеуге арналған үй-жай (орын) көзделеді.

67. Сәбилер үйінде тереңдігі 0,25 м болатын, суы ағынды жүзу бассейні көзделеді. Жабық бассейндерді күтіп-ұстау және пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

68. Жеке кіретін есік ұйымдастыру және оның маңындағы аумақты қоршау арқылы ауылдық елді мекендердегі мектептердің салынып жатқан ғимараттарына медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттерді жапсарлас салуды қоспағанда, объектілердің аумағында олардың қызметімен байланысы жоқ объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1367 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

69. Тиісті білім беру ұйымдары жоқ ауылдық елді мекендерде тұратын оқушыларға көліктік қызмет көрсетілуі тиіс. Оқушыларды жеткізу мектеп автобусымен жүзеге асырылады.

15 километрден (бұдан әрі – км) асатын қашықтықта тұратын оқушылар үшін , сондай-ақ көлікпен жүру мүмкіндігі жоқ болғанда мектеп жанындағы интернат көзделеді.

4. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерін жабдықтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

70. Объектілердің жиһазы мен жабдығы балалар мен жасөспірімдердің бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс. Жабдықтың жиыны, саны мен көлемін мекеменің бейінін, үй-жайлардың ерекшелігін және қауіпсіздік техникасын сақтауды есепке ала отырып көздейді. Арнайы түзету білім беру ұйымдары үй-жайларының жиһазы мен жабдығы педагогикалық үдерістің ерекшелігі мен емдік-қалпына келтіру іс-шараларын ескеруі тиіс.

71. МДТОҰ, жалпы білім беру және интернат ұйымдары және ТКБ жиһазының негізгі өлшемдері осы Санитариялық қағидаларларға 5-қосымшада көрсетілген.

72. Сәбилер үйлерінде, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, КББО, МДТОҰ, жалпы

білім беру және интернат ұйымдарында жиһазды өлшеміне сәйкес таңбалайды.

73. Барлық стационарлық жабдық берік бекітіледі.

74. Сәбилер үйлеріндегі, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы, КББО, МДТОҰ және интернат ұйымдарындағы қабылдау бөлмелері және киім ауыстыратын бөлмелер балалардың және персоналдың сыртқы киіміне арналған шкафтармен және орындықтармен жабдықталады. Балалардың киіміне арналған шкафтарды жеке таңбалайды және оларда бас киімге арналған сөрелері бар ұяшықтар мен сыртқы киім ілетін ілгіштер болады.

75. Жабдық, жиһаз, жұмсақ және қатты мүкәммал, санитариялық-техникалық құралдар жұмыс жағдайында болуы және мақсатына сай пайдаланылуы тиіс. Үй-жайларды әрлеудегі ақаулар мен жабдықтың, жиһаздың істен шығуы уақтылы қалпына келтіруге немесе ауыстыруға жатады.

76. Объектілердің дәретханаларында және санитариялық тораптарында жуынатын раковиналар, электрлі сүлгілері немесе бір рет қолданылатын гигиеналық сүлгілер, сұйық сабын дозаторы, қоқыс жинауға арналған қоқыс салғыштар орнатылады.

77. Сәбилер үйлері топтарының дәретхана үй-жайларын сүлгілерге арналған ілгіштермен, жуынуға арналған раковиналармен, жуатын ванналармен, унитаздармен, түбектерге арналған шкафтармен, шаруашылық мақсатта қолданылатын шкафпен және ағызу жүйесімен жабдықталады. Кіші және орта топтарда ілгіштерді ересек адам бойының дейгейінде (еденнен 1 – 1,3 м биіктікте) орналастырады. Сүлгілерге арналған ілгіштерді жасы 2-ден асқан балалар топтарында 60 – 80 см биіктікте орналастырады.

78. 1,5 жасқа дейінгі балалар топтарында дәретхана бөлмелерінде ересектерге арналған бір қолжуғышты, ағызу жүйесін, ваннаны орналастырады. Үстелді және кір киімге арналған бакты қолжуғышпен қатар орналастырады.

79. 1,5 жастан жоғары топтардағы дәретхана бөлмелерінде балаларға арналған екі қолжуғыш, балаларға арналған бір унитаз, ағызу жүйесін, себезгі тұғырығы, түбектерге арналған таңбаланған ұяшықтары бар шкаф-стеллаждар орнатылады.

80. 6 айлыққа дейінгі сәбилер үшін топтарда 1 – 2 жеке манежді, өлшемі 2,4 x 1,2 x 0,8 м болатын ортақ манеждерді, құндақтау үстелдерін орналастырады. 1 жастан асқан сәбилерді тамақтандыру аймағын тамақтандыруға арналған арнайы 2 орынды үстелдермен жабдықтайды.

81. МБТОҰ-ның дәретхана бөлмелерінде балалардың сүлгілеріне және жеке гигиена заттарына арналған жеке ұяшықтары бар қабырғалық немесе аспалы ілгіштер; бөбек топтарында қосымша жеке таңбаланған түбектерге арналған бөлек ұяшықтары бар шкафтар орнатылады.

82. Сәбилер үйлерінде және МБТОҰ-да балаларға арналған санитариялық құралдар еденнен мынадай биіктікте көзделеді: бөбек және мектепке дейінгі жастағы балалар үшін қолжуғыштар 0,4 м; орта және жоғары мектепке дейінгі жастағы балалар үшін қолжуғыштар 0,5 м; биіктіктегі тұғырларға бекітілген ванналар 0,6 м; сәбилерге және бірінші кіші топтарындағы балаларға арналған терең себезгі тұғырларын 0,3 м (себезгі торының тұғырық табанынан 1,5 м биіктікте орналасқанда); мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған кішкентай себезгі тұғырларын 0,3 м (себезгі торының тұғырық табанынан 1,5 м биіктікте орналасқанда).

83. Жалпы білім беру ұйымдарындағы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы, КББО, ТКБ, ЖОО-дағы санитариялық тораптардағы унитаздарды жабық кабиналарда орналастырады. Кабиналарды еденнен 1,8 м биіктікте және еденге 0,2 м жетпейтін қашықтықтағы арақабырға – экрандармен бөледі. 1-сыныптар үшін қолжуғыштардың үстіңгі бетінің биіктігі 0,5 м, 2 – 4-сыныптар үшін 0,6 м, 5 – 11(12)-сыныптар үшін 0,7 м етіп көздейді.

84. Жатын бөлмелерді жұмсақ және қатты мүкәммалмен жабдықтау, балалар күндіз болатын МБТОҰ-дағы киім-кешектерді жуу және оны таңбалау тәулік бойы болатын МБТОҰ-дағы балалардың тұру жағдайларына қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

85. МБТОҰ-дағы жатын бөлмелерді жеке стационарлық төсектермен жабдықтайды. Үш жасқа дейінгі балаларға арналған төсектердің ұзындығы жататын жердің және қоршауының өзгермелі биіктігімен бірге 120 см, ені 60 см; 3 – 7 жастағы балалар үшін – ұзындығы 140 см, ені – 60 см құрайды.

86. Балалар күндіз болатын мектепке дейінгі топтарда ауданы 1 балаға кемінде 2 м^2 болатын норма сақталған кезде және екі қабатты төсектердің жататын жерінен кемінде 0,3 м биіктікте қоршау болған жағдайда, екі қабатты және жазылатын қатты төсектерді пайдалануға жол беріледі.

87. Сәбилер үйлеріндегі жатын бөлмелер төрт жағынан қоршалған, ұзындығы 1,2 м, ені 0,6 м стационарлық төсектермен жабдықталады. Жататын жердің биіктігі балалардың жасына байланысты еденнен 0,5 немесе 0,3 м құрайды. Қоршаудың еденнен биіктігі 0,95 м.

88. Пайдаланылатын әдістемеге байланысты жалпы нығайтатын (шынықтыратын) емшараларды жүргізу үшін мынадай жабдық көзделеді: салқын сумен белгілі жерге құйынуға арналған 0,5 л шөміш, шағын ағаш мінбелер; жеке таңбаланған сүлгілер, құрғақ және сулы сүртінуге арналған мохерден жасалған қолғаптар және басқа да қажетті жабдық.

89. Объектілерде оқу кабинеттері, зертханалар белгіленген өлшемдегі жұмыс

үстелдерімен және орындықтармен жабдықталады. Парталар, үстелдер, шкафтардың түсі табиғи ағаш түстес немесе ашық жасыл болуы тиіс. Отырғыштарды, табуреттерді және арқалығы жоқ орындықтарды пайдалануға ж о л б е р і л м е й д і .

90. Әрбір тәрбиеленуші мен оқушы бойына және денсаулық жағдайына сәйкес партада немесе үстелде жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі. Оқу жылының басында сынып журналында орналастыру схемасы мен денсаулық парағы толтырылады. Парталар олардың нөмірлеріне қарамастан, есту және көру қабілеті нашар балалар отыратын парталарды бірінші қатарға орналастырады. Көру қабілеті төмен оқушылар отыратын парталарды терезе жақтағы бірінші қатарға орналастырады. Жіті респираторлық аурулармен, баспамен, суық тию ауруларымен жиі ауыратын балаларды сыртқы қабырғадан алыс отырғызады.

91. МДТОҰ-да оқуға арналған жиһазды орналастыру кезінде мына талаптар о р ы н д а л а д ы :

1) үстелдерді сол жақтан жарықтандырылатын жарық түсіретін қабырғаға қ а р а й о р н а л а с т ы р а д ы ;

2) 4 орынды үстелдерді кемінде 2 қатарға, 2 орынды үстелдерді кемінде 3 қатарға орналастырады. Үстелдердің қатары арасында қашықтық кемінде 0,5 м болып көзделеді; 1-ші қатардағы үстелдердің жарық түсіретін қабырғадан қашықтығы 1 м, бірінші үстелдерден тақтаға дейінгі қашықтық 2,4 – 2,7 м б о л а д ы ;

3) қабырғалық тақтаның төменгі шетінің ілмесінің биіктігі 0,7 – 0,8 м болады.

92. Негізгі оқу үй-жайларындағы жабдық арасында мынадай аралықтар мен қ а ш ы қ т ы қ т а р к ө з д е л е д і :

1) алдыңғы үстелдер мен демонстрациялық үстел арасы кемінде 60 см;

2) сынып тақтасы бар алдыңғы қабырғалардан бастап үш қатармен орналастырылған барлық қатардағы алдыңғы үстелдерге дейін кемінде 250 см;

3) үстелдер тобының арасы кемінде 140 см;

4) қатардағы үстелдер арасы кемінде 50 см; /

5) оқу үй-жайындағы сынып тақтасынан оқушының отыратын соңғы орнына дейінгі ең үлкен қашықтық 860 см;

6) барлық сыныптар үшін сынып тақтасының төменгі жиегінің еденнен биіктігі (жұмыс жағдайында) 80 – 90 см;

7) оқу шеберханаларындағы станоктар (верстактар) арасы 130 см, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалар үшін 170 см; қатарлардағы станоктар (верстактар) арасы 80 см, станоктардан қабырғаларға дейін 50 см;

8) тігін шеберханаларындағы аяқпен басатын машиналарды терезелердің бойымен бір қатарға орналастырады, бұл ретте машинаның табанына жарық сол ж а қ т а н т ү с у і т и і с .

Әрбір шеберханада ыстық және суық су келтірілген раковина орнатылады, орталықтандырылған сумен жабдықтау болмаған жағдайда суды қолмен құятын қол жуғыштар орнатылады.

93. Сынып тақталарының өлшемі мен конфигурациясы әртүрлі болуы мүмкін: жылжымалы, ашылатын, биіктігі бойынша өзгертін. Сынып тақталары бор үгіндісін жинауға, шүберекті немесе жұмсақ шүберекті қоюға арналған жері бар күңгірт немесе күңгірт қоңыр түсті болып көзделеді.

94. Есту қабілеті нашар балалар үшін парталар мен үстелдерді педагог үстелінің айналасына жартылай шеңбер түрінде орналастырады, есту аппаратурасын орнату үшін стационарлы бекітеді. Оқушылармен сабақ үстінде жеке оқыту үшін үстелдер мен парталар арасын кеңейтуге жол беріледі.

95. Шеберханалардағы жабдықты жарық түсіретін қабырғаға перпендикуляр немесе 30° – 45° бұрышпен орналастырады. Шеберхананы шуы аз жабдықпен жабдықтайды, шу мен дірілдің деңгейлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес рұқсат етілген деңгейлерден аспауы тиіс.

96. Майлы көркем сурет шеберханаларын мольберттермен жабдықтайды және терезелерге перпендикуляр және параллель орналастырады, акварельді көркем суретке және суретке арналған шеберханаларда мольберттер-бүйір қабырғаларда орналастырылған 2 модельдің жанында жартылай дөңгелек орналастырады. Кескіндеме және сурет шеберханаларына ауданы кемінде 9 м^2 қойма тікелей жалғасып жатуы тиіс.

Мүсіндеу шеберханаларының жанында механикалық сору желдеткішімен жабдықталған, оқшауланған күйдіру бөлімшесі бөлінуі тиіс. Қолданбалы өнер және композиция шеберханаларының жанында ауданы кемінде 9 м^2 қойма, мүсіндеу шеберханаларының жанында саз бен гипсты сақтауға арналған екі қойма болуы тиіс.

97. Темір ұстасының бөлмесінің және ағаш кесетін аралас үстелдің ені кемінде 390 мм және биіктігі кемінде 325 мм қорғаныш экрандары болуы тиіс. Олар оң жақтан жарықтандыру кезінде терезелерге перпендикуляр орналастырылуы тиіс.

98. Дәнекерлеу жүргізілетін үстелдер мен шебердің үстелдері металлмен қапталады.

99. Физика мен химия кабинеттерін көтеріңкі жерде орналасқан демонстрациялық үстелдермен, белгілі өлшемдегі екі орынды оқушыларға арналған зертханалық үстелдермен жабдықтайды.

100. Химия кабинетін оқытушы үстелінің жанындағы сыртқы қабырғаның бойында орнататын сыртқа тарату шкафымен жабдықтайды.

101. Физика, химия, биология, информатика және есептеуіш техника кабинеттерінде аралас үй-жайларда 1 үй-жайға кемінде ауданы 18 м² болатын з е р т х а н а к ө з д е л е д і .

102. Тәжірибелер жүргізу үшін пайдаланылатын химиялық реагенттерді, қышқылдар мен сілтілерді жауапты адамның бақылауы арқылы таңбалайды, арнайы бөлінген сейфте сақтайды.

103. Соқыр балаларды оқытуға арналған үй-жайларды сабақтар үшін өлшемі мен арнайы құрал-жабдықтары Брайль бойынша оқулықтарды пайдалануға және оларды сақтауға мүмкіндік беретін көлденең тақталары бар үстелдермен ж а б д ы қ т а й д ы .

104. Соқыр және нашар көретін балалардың пайдалануы үшін аспаптар мен оқу құралдарының қосымша жиынтығын және арнайы оптикалық жабдықты қ о л д а н у ғ а ж о л б е р і л е д і .

105. Күреске арналған залда жарақаттануды болдырмау үшін кемінде 2 м қабырғадан ашық жері бар орналастырылатын жұмсақ кілем болуы тиіс. Қабырғаның осындай ашық жерін ұйымдастыру мүмкін болмаған кезде 1,5 м биіктікте қапталған төсеніш болуы тиіс. Кілемнің үстіне беті керілген және төзімді және жұмсақ материалдан жасалған жапқышы бекітілген жапқышпен ж а б ы л у ы т и і с .

106. Спорттық төсеніштерді, жаттығуға арналған қаптарды жазықтық бойынша бірдей толтырады, тазалауға және дезинфекциялауға ыңғайлы материалдардан жасайды. Былғары төсеніштерден басқа төсеніштерде матадан тігілген алмалы-салмалы тысы болуы тиіс.

107. Спорт залдарының жанындағы киім ауыстыратын орындар киімге арналған шкафтармен немесе ілгіштермен жабдықталады.

108. Хореографиямен айналысуға арналған залдағы балеттік көлденең ағаштарды еденнен 0,9 – 1,1 м биіктікте және қабырғадан 0,3 м қашықта орналастырады. Залдың бір қабырғасын биіктіктігі 2,1 м болатын айнамен жабдықталады. Залдың едені тақтайдан немесе арнайы линолеум төсемімен көзделеді.

5. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерін сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жылытуға, жарықтандыруға, желдетуге, микроклиматына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

109. Объектілерде жұмысқа жарамды жағдайда болуы тиіс орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су, ыстық сумен жабдықтау жүйесі, кәріздеу және суағарлар көзделеді.

110. Объектілер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуі тиіс.

111. Елді мекенде орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі болмаған жағдайда, жергілікті сумен жабдықтау жүйесі жабдықталады.

112. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісімі бойынша тасымалданатын сумен жабдықтауға жол беріледі және қолмен су құятын қолжуғыштар орнатылады.

113. Тасымалданатын суды пайдаланатын объектілерде ауыз су қорын сақтауға арналған ыдыстар орналастырылған жеке үй-жай көзделеді. Ыдыстарда таңба (ауыз су), су алатын кран болуы тиіс және олар апта сайын (және қажет болғанда) жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, тазалауға және дезинфекциялауға жатады. Ауыз суға арналған ыдысты басқа мақсатта пайдалануға жол берілмейді.

114. Суды тасымалдауды оған санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бар болған кезде немесе ауыз сумен жанасуға рұқсат етілген материалдардан жасалған арнайы таңбаланған ыдыстарда жүргізеді.

115. Тамақ өнімдерін өңдеу және тамақ дайындау технологиялық үдерістерінде, асханалық ыдыстарды, жабдықты, мүкәммалды жуу, үй-жайларды санитариялық өңдеу, жеке гигиена үшін пайдаланылатын суық және ыстық су Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

116. Объектілердегі дәретханаларда, буфеттерде, кір жуатын орындарда, себезгі бөлмелерде, интернат ұйымдары мен тұратын орындардың жуынатын, кір жуатын, себезгі бөлмелерінде, жеке гигиенаға арналған бөлмелерінде, сондай-ақ медициналық қызмет көрсету бөлмелері және ас блогында орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесі болмаған жағдайда, су жылытқыштардың көмегімен алынатын ыстық су көзделеді.

117. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органымен келіскен кезде өзінің от жағу орнының ыстық суымен жабдықтауға жол беріледі.

118. Объектілерде ауыз су ұйымдастырылуы тиіс. Ауыз су, оның ішінде сыйымдылықтар мен шөлмектерге өлшеп-құйылған су сапасы мен қауіпсіздігінің көрсеткіштері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Қайнаған су 3 тәуліктен аспай сақталған жағдайда, оны пайдалануға жол беріледі.

119. Стационарлық су бұрқақтарының конструктивтік шешімдері судың тік ағынының айналасындағы биіктігі кемінде 10 см болатын шектеу сақинасын көздейді.

120. Су ішу үшін таза ыдысты (шыны ыдысты, фаянсты ыдысты, бір рет қолданатын стақандарды) пайдаланады, таза және пайдаланылған ыдыс үшін таңбаланған жеке поднос немесе бір рет қолданылған ыдысты жинау үшін контейнерлер бөлінеді. Ыдысқа құйылған суға оның қайдан әкелінгендігін, сапасын және қауіпсіздігін растайтын құжаттары қоса беріледі.

121. Ауыз су үшін ұйымдастыру үшін объект басшысының бұйрығымен жауапты адам тағайындалады. Оқушылар мен тәрбиеленушілердің объектілерде болатын барлық уақыт ішінде олардың ауыз суға еркін қолжетімдігі қамтамасыз етіледі.

122. Кәріздеу жүргізілмеген аудандарда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісімі бойынша септигі бар жергілікті кәріздеу жүйесі жабдықталады. Септикті тазалау 2/3 көлемде толтыру бойынша жүргізіледі.

123. Орталықтандырылған кәріз тазарту құрылыстары болмаған жағдайда, сарқынды суды бұру жергілікті тазарту құрылыстарының жүйесімен жүзеге асырылады.

Тамақ өнімдері сақталатын және өңделетін және тамақ дайындалатын үй-жайларда, медициналық үй-жайларда кәріздеу дінгектерін және құбырларды орнатуға жол берілмейді.

124. Объектілер ғимараттарының әрбір қабатында және жеке блоктарында балалар (бозбалалар) мен қыздар (бойжеткен қыздар), сондай-ақ педагогтар мен қызмет көрсететін персонал үшін бөлек санитариялық тораптар көзделеді. Санитариялық тораптарға кіретін жерлерді оқу үй-жайларына кіретін жерлерге қарама-қарсы және олардың жанында орналастырмайды. Санитариялық аспаптар саны мен көлемін осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ұйымның түріне және бейініне байланысты көздейді.

125. Арнайы түзету мектеп-интернаттарының жалпы мектеп үй-жайларының санитариялық тораптарындағы санитариялық құралдардың, гигиеналық жабдықтардың саны мекеменің мынадай бейінін есепке ала отырып есептеледі:

1) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаттарда 20 қызға 1 унитаз және 30 қызға 1 қолжуғыш, 30 ер балаға 1 унитаз және 0,5 м болатын писсуар және 1 қолжуғыш; мектеп-интернаттың персоналына арналған дәретханаларда қолжуғышы бар 1 унитаз болады;

2) соқыр және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаттарда 20 қызға 1 унитаз және 30 қызға бір қолжуғыш; 30 ер балаға 1 қолжуғыш, 1 унитаз және 0,5 м болатын писсуар; оқу-тұрмыстық блоктағы персоналға арналған 1 дәретхана болады. Писсуарлардың жанына бекіткіш тұтқаларды орнатады;

3) саңырау, сөйлеу кемшіліктері бар, нашар еститін балаларға арналған мектеп-интернаттарда жабдықты жалпы білім беретін мектеп-интернаттарға

арналған нормалар бойынша орнатады;

4) ақыл-есі дамымаған балаларға арналған мектеп-интернаттарда 20 қызға 1 унитаз және 40 қызға 1 қолжуғыш; 30 ер балаға 1 унитаз бен 1 писсуар және 40 ер балаға 1 қолжуғыш; қызметкерлерге арналған дәретханалардың әрқайсысында бір унитаз бен қолжуғыш болады;

5) қолжуғыштарды 18 орынға 1 қолжуғыш есебімен тамақ ішетін залдың жанындағы өтпелі емес үй-жайларда немесе залға кіретін жерлер мен дәліздерде (3,6 – 4,0 м дейін) орнатады; соқыр және нашар көретін балалар үшін 10 орынға 1 қолжуғыш; ақыл-есі дамымаған балалар үшін 15 орынға 1 қолжуғыш орнатады.

126. Сәбилер үйлерінің, МДТОҰ, жалпы білім беретін мектепалды даярлық және бастауыш сыныптардың, интернат ұйымдарының, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының дәретханаларында балаларға арналған унитаздар орнатылады.

Көркемөнер шығармашылығымен айналысуға арналған шеберханалар ыстық және суық су келтірілген қолжуғышпен жабдықталады, сурет салу және жабыстыру шеберханаларын екі қолжуғышпен, оның біреуін раковинамен және кең үстелмен жабдықтау қажет.

Жануарлармен, өсімдіктермен жұмыс істеуге арналған үй-жайлар ыстық және суық су келтірілген қолжуғышпен жабдыкталуы тиіс.

127. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісімі бойынша IV климаттық аудан үшін және селолық елді мекенде САҚ-ты орнатуға жол беріледі (75 адамға 1-еу).

128. САҚ-та жердің үстінде орналасқан үй-жайлары мен қазылған шұңқыр болады және оларды ғимараттан 25 м қашықтықта орналастырады. Жердің үстінде орналасқан үй-жайларды бір-біріне тығыз жалғасқан материалдардан (тақтайлардан, кірпіштерден, блоктардан) салады.

Қазылған шұңқырды су өткізбейтін материалдан жасайды. Шұңқырдың тереңдігі топырақты су деңгейіне байланысты, бірақ 3 м аспайды.

САҚ айналасында жаңбырдың және еріген суды ағызуға арналған еңісті бетон құрылыстар көзделеді.

САҚ салу кезінде желдету қорабын шұңқырдан шатырдың төбесінен жоғары шығару, сондай-ақ табиғи желдету көзделеді.

129. Кәріздеу жүргізілмеген аудандарда суды қолмен құятын қолжуғыштар орнатылады.

130. Объектілердің негізгі үй-жайларының табиғи жарығы болуы тиіс. Жобалау кезінде ТЖК шамасы үй-жайдың терезеден барынша алыстағы нүктесінен кемінде 1,5% көзделеді; көруі және естуі нашар балаларға арналған мектеп-интернаттарда – 2,5 %, олардағы мектепке дейінгі топтарда – еденнің деңгейінде 2% көзделеді. Жарық коэффициенті 1/5 деп көзделеді.

131. Оқу үй-жайлары терезелерінің бағытын көкжиектің оңтүстік, оңтүстік-шығыс және шығыс бетіне қаратады. Сызу кабинеттерінің, сурет салу кабинеттерінің, сондай-ақ асүйдің терезелері солтүстікке, солтүстік-шығысқа және солтүстік-батысқа қарайды; есептеу техникасы кабинетінің терезелері солтүстікке, солтүстік-шығысқа қарайды.

132. Объектілерде дәліздердің, дәретханалардың, рекреациялық емес киім ауыстыратын бөлмелердің, сондай-ақ табиғи жарықтандырусыз жобалауға рұқсат етілген барлық бөлмелердің қабырғаларында әйнекті арақабырғаларды немесе фрамугаларды салу арқылы екінші жарықты түсіруге жол беріледі.

1 3 3 . М ы н а л а р :

1) МДТОҰ-да, сәбилер үйлеріндегі коммуникациялық жүйелер үй-жайлары (су құбырларының және кәріздеу бөлмелері, желдету және ауаны салқындату камералары), рекреациялық емес дәліздер, қойма және тұрмыстық бөлмелер, мұкаммалға арналған бөлмелер, жуынатын, себезгі бөлмелері мен дәретханалар, дезинфекциялау құралдарын дайындайтын бөлмелер, қоймалар;

2) жалпы білім беретін, арнайы (түзету) және интернат ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында: снаряд қоятын бөлмелер, қойма үй-жайлары (тез жанатын сұйықтықтарды сақтайтын бөлмелерден басқа), кітап сақтайтын бөлмелер, бойлер тұратын бөлмелер, су құбырлары мен кәріздеу сорғылары, желдету және ауа баптау камералары ;

3) ТКБ, ЖОО-да: кітап сақтайтын бөлмелер, акт залдары, телестудиялар, фотозертханалар, киім ілетін орындар, себезгі бөлмелері, санитариялық тораптар ;

4) мектептен тыс ұйымдарда: қойма және тұрмыстық бөлмелер, мұкаммалға арналған, снаряд қоятын, жуынатын бөлмелер, спорт залдарының және бассейннің жанындағы себезгі бөлмелері және дәретханалар, персоналға арналған дәретханалар, қыздарға арналған жеке гигиена бөлмелері, радиотораптар, кино-фотозертханалар, кітап сақтайтын бөлмелер, бойлер тұратын бөлмелер, су құбырлары мен кәріз сорғылары, желдету және ауа баптау камералары, дезинфекциялау құралдарын дайындайтын үй-жайлар, ғимараттың инженерлік және технологиялық жабдығын орнату және басқару үй-жайлары;

5) жалпы білім беретін ұйымдарда: акт залдары, кулуарлар, фойе, киім ілетін орындар, киім ауыстыратын бөлмелер, себезгі бөлмелері, санитариялық тораптар , радиотораптар, фотостудиялар және оларға зертханалар, асханалардың тамақтану залдары және ас блогының өндірістік үй-жайлары табиғи жарықтандырусыз жол беріледі.

134. Оқу үй-жайларында сол жақты бүйірден жарықтандыру көзделеді. Екі жақты жарықтандыру кезінде, оқу үй-жайларының тереңдігі 6 м астам болған

жағдайда, төбеден кемінде 2,2 м биіктіктегі оң жақты жарықтандыру көзделеді. Негізгі жарық ағынының оқушылардың алдынан және арт жағынан түсуіне жол берілмейді.

135. Оқу-өндірістік шеберханаларда, спорт залдарында екі жақты табиғи бүйірден жарықтандырумен және аралас (үстіңгі және бүйір жақтан) жарықтандырумен қамтамасыз етуге жол беріледі.

136. Күндізгі жарықты барынша пайдалану және оқу үй-жайларын біркелкі жарықтандыру үшін ағаштарды ғимараттардан 15 м жақын емес, бұталарды – 5 м жақын емес қашықтықта отырғызады. Терезе әйнектерін бояуға жол берілмейді.

137. Топтық бөлмелердегі, ойын және жатын бөлмелердегі жарық түсетін саңылауларды реттелетін күннен қорғайтын құрылғылармен (жалюзді, перделерді) жабдықтайды. Жатын үй-жайлардағы терезелер балалар ұйықтаған кезде перделермен жабылады, басқа кезде перделерді түріп қояды.

138. Терезелердің алдына табиғи жарықтандыруды азайтатын үлкен жапырақты гүлдерді орналастыруға жол берілмейді.

139. Жалпы жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда көзделеді. Жекелеген функционалды аймақтарды және жұмыс орындарын жарықтандыру үшін жергілікті жарықтандыру орнатылады.

140. Жасанды жарықтандыру үшін люминесценттік, қызу және электр қуатын сақтайтын шамдарды пайдаланады. Бір үй-жайда бір үлгідегі шамдар қолданылады. Шамшырақтар қорғаныш құрылғыларымен жабдықталады. Қыздыру шамдарымен жарықтандыру кезінде штангадағы аспалы шағылысқан және шашыраңқы жарықты шамдарды қолданады.

141. Люминесценттік шамдарды сыртқы қабырғадан 1,2 м және ішкі қабырғадан 1,5 м қашықтықта жарық түсіретін қабырғаға параллель орналастырады

142. Жасанды жарықтандыру реттелетін және адамның көзін шағылыстырмайтын және басқа да қолайсыз әсері жоқ қауіпсіз болып көзделеді. Білім беру ұйымдарының үй-жайларындағы және балалар мен жасөспірімдер тұратын орындардағы жасанды жарықтандыру осы Санитариялық қағидаларларға 7-қосымшаға сәйкес нормаланады.

143. Күннен қорғайтын реттелетін құрылымының бастапқы қалпы терезенің жарық түсіретін алаңын азайтпауы және ТЖК нормаға келтірілген шамасын төмендетпеуі тиіс.

144. Сынып тақтасы оған параллель орнатылған екі шаммен жарықтандырылады, олар тақтаның жоғарғы шетінен 0,3 м жоғары және алдыңғы жағынан 0,6 м аралықта орналасады.

145. Соқыр және нашар көретін балаларға арналған объектілердегі оқу үй-жайларында (сыныптарға, кабинеттерге, зертханаларға, шеберханаларға),

сондай-ақ оқу залдарына қызу шамдары қолданылатын жасанды жарықтандырудың аралас жүйесі жүргізіледі.

Көру патологиясының түріне байланысты жалпы және жергілікті жарықтандырудың жиынтық деңгейі мынаны құрайды:

1) жоғары деңгейдегі күрделі алыстан көрмейтін және жоғары деңгейдегі жақыннан көрмейтін оқушылар үшін – 1000 лк; көздің торлы қабығы мен көру нерві зақымдалған (көздің қарығуы болмайтын) балалар үшін – 1000 – 1500 лк;

2) жарықтан қорқу ауруынан зардап шегетін оқушылар үшін 500 лк-тен артық е м е с ;

3) жасанды жарықтандыру деңгейі жалпы жарықтандыру жүйесінен 400 лк д е н г е й і н д е б о л а д ы ;

4) әр жұмыс орнына қуаты 40 ватт болатын қыздыру шамдары қолданылатын жергілікті жарықтандыру шамдарын орнатады. Шамдар үстелдің бетіне нығыз бекітіледі және еңкею бұрышы мен жарық көзінің биіктігін өзгертуге болатын иілімді кронштейні болуы тиіс.

146. Істен шыққан шамдар уақтылы ауыстырылады. Жұмыс істемейтін, істен шыққан люминесценттік шамдарды балалар мен оқушылар кірмейтін жеке үй-жайда сақтайды. Пайдаланылған люминесценттік шамдарды қоқыс жинайтын контейнерлерге тастауға жол берілмейді. Оларды сақтау және шығару мекеме басшысының бұйрығымен жауапты адамға жүктеледі. Пайдаланылған шамдарды жою және кәдеге жаратуды осындай қызмет түріне арналған лицензиясы бар ұ й ы м д а р жү р г і з е д і .

147. Объектілердің балалар тұрақты болатын үй-жайларында штепсельді розеткаларды және ажыратқыштарды еденнен 1,8 м биіктікте орналастырады.

148. Вестибюльдерде, дәліздерде, рекреацияларда, гимнастика және акт залдарында, оқу шеберханаларында, ұйымдардың баспалдақтарында (еденде, негізгі аралықтардың сызығы бойынша және сатыларда) 5 лк болатын авариялық ж а р ы қ т а н д ы р у жү р г і з і л е д і .

149. Терезелердің әйнегін жылына 3 – 4 рет және ішін айына бір рет жуады және тазалайды. Жарықтандыру арматурасын тазалауға балаларды тартуға жол б е р і л м е й д і .

150. Объектілердің ғимараттары орталықтандырылған жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерімен жабдықталуы тиіс.

151. Орталықтандырылған жылыту көзі болмаған жағдайда жеке қазандықты және газ жылуын пайдалануға жол беріледі.

152. Ауылдық елді мекендердегі орын саны 300-ден аспайтын аз жасақталған ауылдық ұйымдардың бір қабатты ғимараттарында пеш құрылғысына жол беріледі. Пеш жағу жеке кіретін жері бар оқшауланған үй-жайда жүргізіледі.

1-ші қабатта орналасқан сәбилер үйі, МДТОҰ ойын бөлмелерінде жылы

е д е н д е р

к ө з д е л е д і .

153. Сәбилер үйлерінде, МДТОҰ-ғы балалардың күйікке шалдығуын және жарақат алуын болдырмау үшін жылыту құралдарын алмалы-салмалы ағаш торлармен қоршайды. Басқа ұйымдарда жылыту құралдарын сыртқы қабырғаларда, терезелердің астында, қоршаусыз орнатады.

154. Сору желдеткіші жүйесінің жекелеген жүйелері оқу сыныптарында, кабинеттерде (ауамен жылытылмайтын жағдайда), зертханаларда, акт залдарында, дәрісханаларда, оқу шеберханаларында, спорт залдарында, бассейндерде, тирлерде, асханада, медициналық пунктте, киноаппарат бөлмесінде, санитариялық тораптарда, тазалау мүкәммалын дезинфекциялау және өңдеу бөлмелерінде көзделеді.

155. Асханалардағы ауаның алмасуы технологиялық жабдықтан бөлінетін артық жылуды сіңіру есебімен жүргізіледі. Ас блогының өндірістік үй-жайларына тамақтанатын зал арқылы бір орынға сағатына 20 текше метр (бұдан әрі – $m^3/сағ$) көлеміндегі ауаның кіруі көзделеді. Ауаны өндірістік үй - ж а й л а р а р қ ы л ы ш ы ғ а р а д ы .

156. Зертханаларда, оқу-өндірістік шеберханаларда, дәрісханаларда, курстық және дипломдық жоба залдарында, акт және спорт залдарында, асханаларда, медициналық мақсаттағы үй-жайларда және санитариялық тораптарда сору желдеткішінің жеке жүйелері көзделеді.

157. Сәбилер үйлерінде, МДТОҰ-да ыстық сумен жабдықтау жүйесіне киім ауыстыратын орындардағы сыртқы киімді кептіруге арналған шкафтарда орналасқан жылыту құралдарын жалғайды.

158. Фрамугаларды және терезе желдеткіштерін жылдың кез-келген уақытында мақсатына сай қолданады. Металлопластикті терезелерді орнату фрамугаларды, терезе желдеткіштерін немесе күрделі ашумен жүзеге асырылады . Терезе желдеткіштерін ауданын еден ауданына кемінде 1:50 болатын қатынаста к ө з д е й д і .

159. Өтпелі немесе бұрыштан желдетуді балалар болмаған кезде жүргізеді. Өтпелі желдетуді дәретханалар арқылы жүргізбейді.

160. Жатын бөлмелерде жылдың салқын мезгілінде фрамугаларды немесе терезе желдеткішін балаларды ұйықтату алдында 30 минут бұрын жабады, сосын ұйықтаған кезде ашып, балалардың ұйқыдан тұруынан 30 минут бұрын жабады. Жылдың жылы мезгілінде ұйықтаған кезде терезелер мен фрамугалар ашық қ а л д ы р ы л а д ы .

161. Ұйымдардың негізгі (топтық ұяшықтар, оқу, тұрмыстық) үй-жайларындағы, сондай-ақ себезгі бөлмелері мен спорт залдың жанындағы киім ауыстыратын орындардағы, спорт залындағы, медициналық пункттің

үй-жайларындағы ауа температурасын бақылау үшін балалардың бойына байланысты ішкі қабырғаға 0,8 – 1,2 м биіктікте бекітілген термометрлер орнатылады.

162. Оқу үй-жайларын үзіліс кезінде, рекреациялық бөлмелерді – сабақ өткізу кезінде желдетеді. Сабақтар басталғанға дейін және олар аяқталғаннан кейін оқу бөлмелерін өтпелі желдету жүргізіледі.

163. Станоктарда және механизмдермен жұмыс істегенде жылу мен шаң көп бөлінетін шеберханалар сору-тарату желдеткішімен және жергілікті шаң ұстағыштармен және сору құрылғылармен жабдықталады. Объектілерде үй-жайлардың қолайлы микроклиматтық жағдайлары (температура және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) қамтамасыз етіледі.

164. Жылыту кезеңінде ауаның температурасы мынадай болып көзделеді:

1) жатын және оқу үй-жайларында, кабинеттерде, зертханаларда, кітапханада, мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізілетін және демалу үй-жайларында, компьютер сыныптарында, қызметтік-тұрмыстық, кір жуатын орындарда плюс 18 – 22 градус Цельсий (бұдан әрі – °С);

2) тамақтану залдарында, буфеттерде, киім үтіктейтін, кептіретін бөлмелерде, қоймаларда және киім-кешек бөлмелерінде +16°С;

3) физиотерапевт кабинеттерінде, массаж кабинеттерінде +28°С;

4) медициналық үй-жайларда, топ бөлмелерінде, балалар тобындағы киім ауыстыратын орындарда, балалар тобындағы жатын бөлмелерде, балалар тобындағы дәретханаларда +20 – 22°С, оңтайлы ылғалдылық – 40 – 60°С;

5) оқу шеберханаларында, спорт залында және секциялы сабақтарды өткізуге арналған бөлмелерде, рекреацияларда, вестибюль мен киім ілетін орындарда, асханада, киімдер мен аяқ киімдерді кептіру бөлмелерінде + 15 – 17°С;

6) спорт залының киім шешетін орнында +19 – 23°С;

7) ваннасы бар бассейн үй-жайларында +30°С;

8) себезгі бөлмелерінде +25°С;

9) дәрігерлер кабинеттерінде +21 – 23°С.

10) Үй-жайлардағы ауаның оңтайлы ылғалдылығы 40 – 50 % -ды, асүйде және кір жуатын бөлмелерде 60 – 70 % -ға дейін құрайды.

165. Жыл сайын объектілерде сумен жабдықтау, кәріздеу, электрмен жабдықтау жүйелеріне, жылыту кезеңінің басталуына қарай жылыту және желдету жүйелеріне ревизия және жөндеу жүргізеді.

166. Апатты ғимараттарда және үй-жайларда орналасқан объектілерді пайдалануға жол берілмейді.

Объектілердің ғимараты объектінің апаттылығы туралы құзырлы органдардың актісі болған кезде апатты жағдайда деп танылады.

6. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінің аумақтарын және үй-жайларын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

167. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінде осы Санитариялық қағидаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылары болуы тиіс.

168. Объектілердің аумағы таза ұсталуы, қар мен мұздан тазартылуы тиіс, қыс мезгілінде жолдарға құм себіледі. Ғимаратқа кіреберісте торлар, кілемшелер, щеткалар, қырғыштар орнатылады.

169. Ойын алаңдарындағы жабдықтар және шағын сәулет мүсіндері балаларды серуендету немесе ойнату алдында күнсайын шаңнан немесе ластан тазартылады, құмсалғыштағы құмдар жұмсартылады, аптасына бір рет қопсытылады, 7 – 10 күнде бір рет қайнатылған ыстық сумен өңделеді, жұмыстан тыс уақытта ластанудан қорғау үшін жабылады. Жылына кемінде бір рет және эпидемиялық көрсеткіштер бойынша құмды жаңа құммен ауыстырады.

170. Қоқыс жинағыштар (контейнерлер) 2/3 бөлігі толған кезде тазартылады.

171. Барлық үй-жайлар таза ұсталуы тиіс. Барлық үй-жайларды жинау жуу құралдарын қолдана отырып жүргізіледі және желдетіледі. Медициналық үй-жайларды, асхананы, буфетті және дәретханаларды күнсайын дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жинайды.

172. Барлық үй-жайларды күрделі жинау (жиһаздарды қозғалта отырып едендерді жуу, жарықтандыру арматураларын, есіктерді, жиһаздарды дезинфекциялау және жуу құралдарының көмегімен сүрту) ай сайын және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.

173. Объектілерде қызмет көрсететін персоналдың (тәрбиешілердің көмекшілері, техникалық персонал) саны кемінде 3 жиын болатын арнайы киімі (костюм немесе халат, орамал, қалпақ, алжапқыш) бөлек шкафта сақталатын ауыстыратын аяқ киімі болады.

Дәретханаға кіру алдында халат шешіледі және шыққан соң қолды сабынмен мұқият жуады.

174. Қолданылатын дезинфекциялау ерітінділері дайындалған күні көрсетіле отырып, таңбаланған ыдыстарда нұсқаулыққа сәйкес дайындалады. Дезинфекциялау және жуу құралдары және олардың жұмыс ерітінділері балалар

мен жасөспірімдер үшін қол жетпейтін орындарда сақталуы тиіс.

175. Үй-жайларды және жекелеген жабдық түрлерін (ас үстелдерін, ыдыс-аяқты, қабырғаларды, есіктерді, терезелерді, еденді) жуу және өңдеу үшін бөлек шүберек көзделеді. Шүберектер тиісінше таңбаланған ыдыстарда бөлек сақталады.

176. Жинау мүкәммалы (легендер, шелектер, щеткалар, шүберектер) таңбаланады және әр үй-жайға (санитариялық торап, медициналық кабинет, изолятор, ас блогы, ас блогындағы ет-балық цехы, буфет, рекреациялар, әр оқу бөлмесі, топтық үй-жайлар, зертханалар) бекітіледі және арнайы бөлінген орындарда сақталады. Оқу үй-жайларының топтары үшін жинау мүкәммалын пайдалануға жол беріледі.

177. Барлық ұйымдардың санитариялық тораптары үшін жинау мүкәммалының сигналды түсі болуы тиіс.

178. Сәбилер үйінде және МДТОҰ-ның топтық үй-жайларында, мектеп алды сыныптарында еден күніне екі рет жуылуы тиіс; жиһаздар, радиаторлар, терезелер, киімге арналған балалар шкафтары күнсайын сүртіледі және аптасына бір рет жуылады. Музыка және гимнастика сабақтары жүретін үй-жайларды жинау әр сабақтан соң жүргізіледі.

179. Жаңадан сатып алынған ойыншықтардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын сертификаттары болуы тиіс.

180. Пайдаланылған ойыншықтарды күнсайын жұмыс күнінің соңында 2% сабынды-содалы ерітіндіні пайдалана отырып жуады, ағып тұрған судың астында шаяды және кептіреді. Қуыршақтың киімдерін ластануына байланысты жуады және үтіктейді. Ойыншықтарды жууға арналған ыдыс пен щетка таңбаланады.

181. Жұмсақ ойыншықтарды пайдаланғаннан кейін күннің соңында ойыншықтан 25 см қашықтықта бактерицидті шамдармен 30 минут бойы дезинфекциялайды.

182. Сәби жастағы балалар үшін және изоляторда жұмсақ ойыншықтар және пенолатексті түкті ойыншықтарды пайдалануға жол берілмейді.

183. Жалпы білім беретін және интернат ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, ТКБ, КББО, ЖОО-да жуу құралдарын қолдана отырып, үй-жайларды күнсайын ылғалды жинау жүргізіледі:

1) сыныптарды, шеберханаларды және оқу кабинеттерін жинау әр ауысымдағы сабақ аяқталған соң жүргізіледі;

2) дәліздер мен рекреацияларды – әр ауысымның сабақтары аяқталғаннан кейін;

3) ойын залдарын – күн соңында;

4) тамақ ішу залы – әр тамақ ішкеннен кейін;

5) киім ілінетін орындар, вестюбюльдер – әр ауысымның сабағы басталу а л д ы н д а ;

б) спорт залдарында – желдете отырып, күніне 2 рет;

7) ғимараттың санитариялық тораптарында – әрбір үзілістен кейін.

Үй-жайларды ылғалды жинауды (едендерді жуу) ұйымның жұмыскерлері жүргізеді .

184. Объектілерде екі ауысымдық сабақтар болған кезде ауысым арасында үй-жайларды жинау және өтпе желмен желдету үшін ұзақтығы кемінде 45 минут болатын үзіліс көзделеді .

185. Спорттық мүкәммал шүберекпен сүртіледі, мүкәммалдың металл бөліктері өңдеуден кейін құрғағанға дейін сүртіледі. Былғарыдан жасалған төсенішті қоспағанда, төсеніштердің матадан жасалған алмалы-салмалы тыстары болады, олар аптасына кемінде бір рет және ластануына байланысты жуылады. Былғарыдан жасалған төсеніштер 2% сабынды-содалы ерітінді пайдаланыла отырып, ылғалды шүберекпен сүртіледі. Маталы төсеніштер аптасына кемінде 1 рет шаңсорғыштың көмегімен шаңнан тазартылады немесе ашық ауада қағылады .

186. Инфекциялық және паразиттік аурулар жағдайлары тіркелген кезде эпидемияға қарсы және дезинфекциялау іс-шаралары жүргізіледі.

187. Сору желдеткіші жүйелерінің жалюз торлары айына кемінде 1 рет шаңнан тазартылады. Сору желдеткіші шахтасын тазарту жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Терезелер және терезе жақтаулары ластануына байланысты, бірақ үш реттен сиретпей іштен және сырттан (көктемде, жазда, күзде) жуылады.

188. Дәретханаларда едендер, есік тұтқалары, кран барашкалары, раковиналар және унитаздар күнсайын дезинфекциялауға жатады. Унитаздардағы отырғыштар сабынды жылы сумен жуылады. Унитаздың ішкі бетін тазалау және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып, щеткалармен (квач) тазартады.

189. Пайдаланылған жинау мүкәммалы дезинфекциялау ерітіндісіне салынады, экспозициядан кейін шайылады және кептіріледі. Таза жинау мүкәммалы таңбаланған ыдыста шаруашылық шкафта немесе үй-жайларда жинау мүкәммалын өңдеу және сақтау үшін сақталады. Санитариялық тораптарды жинауға тәрбиеленушілер мен оқушыларды тартуға жол берілмейді.

190. САҚ-ты жинау күнсайын дезинфекциялық құралдарын қолдана отырып жүргізеді, қазылған шұңқырды дезинфекциялау 10 күнде 1 рет, қабырғаларды әктеу дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып, айына 1 рет жүргізіледі. САҚ-ны оның 2/3 бөлігі толуына байланысты, бірақ жылына бір реттен сиретпей т а з а р т ы л а д ы .

191. Ас блогы үй-жайларына (жатын және қажеттілігіне қарай басқа да үй-жайларда) шыбындар мен масалардың ұшып кіруінің алдын алу үшін желдету

үшін ашылатын терезелерге, терезе желдеткіштеріне, фрамугаларға тор орнатылады.

192. Кілемдер күнсайын шаңсорғышпен тазартылады, күрделі жинау кезінде оларды ылғалды щеткамен сүртеді және желге қақтырады.

193. Құндақтау үстелдерін, балалардың жаялық астына салатын клеенкаларын, манеждердің, төбешіктердің жапқыштарын күнсайын және олардың ластануына байланысты сабынды сумен жуады. Нәжіспен ластанған жағдайда, жуу және дезинфекциялау құралдары қолданыла отырып, арнайы бөлінген шүберекпен бөлінділерден тазартылады.

194. Жеке түбектерді пайдалану қызмет көрсететін персоналдың қадағалауымен жүргізіледі. Түбектер пайдаланылғаннан кейін тазартылады, жуылады және дезинфекциялау ерітіндісі бар таңбаланған ыдысқа салынады, кейіннен оны шаяды. Таза түбектер дәретханаларда, жеке таңбаланған ұяшықтарда сақталады.

195. Объектілерінде жылына кемінде бір рет инженерлік жүйелерге, шатырға, қатты және жұмсақ мүкәммалға, жиһаздарға, жабдыққа және санитариялық-техникалық аспаптарға ревизия және қажеттілігіне қарай жөндеу (ауыстыру) жүргізіледі.

196. Объектілер жұмыс істеп тұрған кезде апаттық жағдайларды жою бойынша жұмыстарды қоспағанда, күрделі және басқа да жөндеу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

197. Ұйымда шыбын-шіркейлердің, егеуқұйрықтардың және тышқан үлгідегі кеміргіштердің болуына жол берілмейді. Дезинсекциялауды және дератизациялауды қызметтің осы түріне лицензиясы бар ұйым жүргізеді.

7. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінде тұру жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

198. Балалар мен жасөспірімдердің тұруына арналған объектілер ішіне-жапсарлас салынған ғимараттарда бөлек тұрған ғимараттарда, сондай-ақ оқу корпустарымен аралас орналасуы мүмкін.

199. Сәбилер үйлерінің, МДТОҰ-ның (балалар тәулік бойы болатын) жатын бөлмелерінің тұрғын ауданы 1 тәрбиеленушіге кемінде 2 м^2 , интернат ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, КББО-да кемінде 4 м^2 , полиемиелит және енжар паралич ауруларынан зардап шеккен балаларға арналған мектеп-интернаттарда кемінде $4,5 \text{ м}^2$ көзделеді. 200.

200. ТКБ оқушылары мен ЖОО студенттеріне арналған жатақханаларда 1

адамға кемінде 6 м² аудан көзделеді және 1 бөлмеде 4 адамнан артық тұрмайды.

201. Сәбилер үйлерінің жатын бөлмелері төрт жағының қоршауы бар, ұзындығы 1,2 м, ені 0,6 м стационарлық кереуеттермен жабдықталады. Балалардың жасына байланысты төсектің еденнен биіктігі 0,3 – 0,5 м құрайды. Қоршау биіктігі еденнен 0,95 м.

202. МДТОҰ-ның жатын бөлмелері жеке стационарлық кереуеттермен жабдықталады. Үш жасқа дейінгі балаларға арналған кереуеттердің ұзындығы 120 см, ені 60 см құрайды, қоршауының және төсек биіктігі реттеледі, 3 – 7 жастағы балаларға арналған төсектердің ұзындығы 140 см, ені 60 см.

203. МДТОҰ-ның жатын бөлмелерінде кереуеттер өтуге және үй-жайды жинауға ыңғайлылықты есепке ала отырып, ұзын жағынан терезелерге параллель орналастырылады. Кереуеттер қатарлары арасындағы ең аз қашықтық – 0,5 м., бас жақтарының арасы – 0,2 м.

204. Интернат ұйымдарының, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, КББО-ның жатын корпустарындағы және оқушылар мен студенттерге арналған жатақханалардағы жатын бөлмелер мынадай есеппен қатты мүкәммалмен жабдықталады: 1 адамға 1 кереует, 1 кереует жанындағы тумба, 1 орындық, киімге және аяқ киімге арналған киім ілгіш шкаф. Әр бөлмеде жазу үстелі көзделеді. Жатын бөлмелерде 7 жастан бастап қыз және ұл балалардың жеке тұруы көзделеді.

205. Жатын бөлмелердегі кереуеттер кереуеттердің ұзын жағының арасында 0,65 м, сыртқы қабырғадан кемінде 0,6 м, жылыту құралдарынан 0,2 м, екі кереуеттің бас жақтарының арасында 0,2 м, кереуеттер арасындағы орталық өту ені кемінде 1,0 м қашықтық сақтала отырып орналастырылуы тиіс.

206. Жатақханалардағы және жатын корпусындағы қосалқы және санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар (дәретханалар, қолжуғыштар, себезгі кір жуатын орындар, киім үтіктейтін орындар, киім кептіру бөлмелері, киімдер мен аяқ-киімдерді тазалау бөлмелері, ортақ асүйлер) осы Санитариялық қағидалардың нормаларына сәйкес бірінші қабатта көзделеді.

207. ТКБ және ЖОО жатақханаларының қабаттарындағы асүйлер тұрмыстық тоңазытқыштармен, пештермен, жуғыштармен, үстел-шкафтармен, ыдыс-аяққа арналған шкафтармен, қажет болғанда орындықтармен немесе табуреткалармен жабдықталады. Жабдық мынадай есеппен орнатылады: 5 адамға газ пешінің 1 конфоркасы, 3 адамға – электр пешінің 1 конфоркасы, 8 адамға – 1 жуғыш және 1 үстел-шкаф, 6 – 8 адамға – 1 тұрмыстық тоңазытқыш.

208. Бір жатын орынға төсек жабдықтарының үш жиынтығы көзделеді. МДТОҰ мен интернат ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының

камқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, КББО-да барлық төсек жабдықтары (матрас, жастық, көрпе таңбаланады; жиналмалы кереуеттерді пайдаланған кезде төсек жабдықтары (жайма, жастық тыс, көрпе т ы с) т а ң б а л а н а д ы .

209. Интернат ұйымдарының, жетім балалар мен ата-анасының камқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, КББО-ның жатын корпустарын санитариялық-техникалық жабдықпен қамтамасыз ету нормалары осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес к ө з д е л е д і .

ТКБ оқушыларына арналған студенттік және жатақханаларда: 4 – 6 адамға 1 себезгі, 1 қол жуғыш және 1 унитаз және 50 адамға 1 биде орнатылады. әйелдердің жеке гигиенасы кабинасы 50 адамға 1 кабина көзделеді және жоғары көтерілетін себезгімен, унитазбен, себезгімен және қол жуғышпен жабдықталады .

210. Арнайы түзету ұйымдарындағы тұрғын үй-жайлардың санитариялық тораптарындағы санитариялық құралдардың, гигиеналық жабдықтардың саны ұйымның бейінін есепке ала отырып есептеледі:

1) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаттарында 8 қыз балаға 1 унитаз, 12 ер балаға 1 писсуар және 8 ер балаға 1 унитаз, 6 адамға 1 қолжуғыш және 12 адамға 1 аяқ жуатын ванна; гигиеналық себезгілер – мектеп-интернаттарының 16 тәрбиеленушісіне 1 себезгі торы, 50 адамға 1 биде есебімен қыздар гигиенасы бөлмесі орнатылады;

2) соқыр және көзі нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаттарында 8 қызға 1 унитаз, 10 ер балаға 1 унитаз және 0,5 м лотокты писсуар, 3 тәрбиеленушіге 1 қолжуғыш (қыздарға, ұлдарға), 6 тәрбиеленушіге 1 аяқ жуатын ванна, 30 қызға бір гигиена бөлмесі; оқу блогында персоналға арналған 1 дәретхана (бір унитаз, бір қолжуғыш); 12 тәрбиеленушіге бір себезгі торы есебімен гигиеналық себезгі; себезгі жанында ер балалар мен қыздарға бөлек бір унитаз, қолжуғыш, дәретханасы бар екі ванна;

3) тілінің мүкісі бар саңырау, көзі нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаттарында 15 қызға бір унитаз және 20 ер балаға бір унитаз және бір писсуар; 8 тәрбиеленушіге бір қолжуғыш; 12 тәрбиеленушіге бір аяқ жуатын ванна; 70 қызға 1 гигиеналық кабина; мектеп-интернат персоналы үшін 2 дәретхана; 18 тәрбиеленушіге бір себезгі торы есебімен гигиеналық себезгі, ванна жанында ер балалар мен қыздарға арналған унитазы мен қолжуғышы бар бір ванна және бір дәретхана .

4) ақыл-есі дамымаған балаларға арналған мектеп-интернаттарда 8 қызға 1 унитаз, 10 ер балаға 1 писсуар және 1 унитаз; 4 тәрбиеленушіге 1 қолжуғыш, 8 тәрбиеленушіге 1 аяқ жуатын ванна; 35 қызға 1 гигиеналық кабина; 16

тәрбиеленушіге 1 гигиеналық себезгі есебімен гигиеналық себезгі; ер балалар мен қыздарға арналған үй-жайларда қолжуғышы бар бір ванна және бір унитаз к ө з д е л е д і .

211. Балалар тәулік бойы болатын объектілерде оларды жуындыру төсек жабдықтары, іш киімді және сүлгілерді бір мезетте ауыстыра отырып, жеті күнде кемінде бір рет кесте бойынша жүзеге асырылады.

212. Киім-кешектерді жуу объектінің кір жуатын орнында жүзеге асырылуы тиіс, ол болмаған жағдайда, шарт бойынша кір жуатын орындарда жууды ұйымдастыруға жол беріледі. Инфекциялық аурумен ауыратын науқастардың киім-кешектері жуу алдында таңбаланған ванналарда дезинфекциялануға ж а т қ ы з ы л а д ы .

213. Төсек жабдықтарын, сүлгілерді ауыстыру ластануына байланысты, бірақ аптасына бір реттен сиретпей жүргізіледі. Лас киім-кешек кір жуу орнына қаптарда (клеенкалы және мата) жеткізіледі. Матадан тігілген қаптар жууға тапсырылады, клеенкалы сабынды-содалы ерітіндімен өңделеді. Таза киім жуылған қапта жеткізіледі.

214. Төсек жабдықтарының, жаңа және ескі киім мен аяқ-киімдердің, қатты мүкәмалдың қорын сақтау үшін қоймалар көзделеді.

215. Кір жуатын орынды орналастыру кезінде таза және лас киім-кешектің карама-қарсы ағымы болмауы тиіс. Лас киім-кешекті тапсыруға және таза киім-кешекті алуға арналған терезелер бөлек болады және топтық бөліктер үй-жайына, жатын бөлмеге және ас блогына кіру есігіне карама- қарсы орналастырылмайды; топтық үй-жайлардың терезесінің астына: ойын бөлмесінің , кіреберіс үй-жайдың, жатын бөлменің, сондай-ақ оқу үй-жайларының терезесі о р н а л а с т ы р ы л м а й д ы .

216. Лас киім-кешекті тапсыруға арналған терезесі бар шлюз кір жуу орнына қарай ашылуы тиіс. Сәбилер үйінің кір жуатын орындарында жас балалар тобы үшін ауданы 9 м^2 болатын киім-кешектерді алғашқы өңдеуге арналған бөлме к ө з д е л е д і .

217. Жобалық қуаты 280 адамға дейінгі мекемелерде кір жуатын үй-жайлар құрамында ауданы кемінде 4 м^2 болатын лас киім-кешекті өткізуге және сұрыптауға арналған, жеке есігі бар үй-жай көзделуі тиіс.

218. Кір жуатын орындар суық және ыстық су тартылған ванналармен жабдықталуы тиіс. Кір жуатын машина-автоматтарды орнатуға жол беріледі.

219. Балалар тәулік бойы болатын сәбилер үйлерінде, МДТОҰ-да, интернат ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, КББО-да төсек жабдықтары, сүлгілер, жеке гигиена заттары (тіс щеткасы, тарақ, жөке) әр балаға жеке бөлінеді

. Жеке тіс щеткасын дәретханадан оқшауланған үй-жайдағы ашық ұяшықтарда сақтайды.

8. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінде тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

220. Қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінде мыналарға бөлінеді:

1) өндірістік шикізатты сатып алуды, аспаздық тағам өндіруді, білім беретін мекемелерді жабдықтауды жүзеге асыратын мектеп тағамының базалық ұйымы (мектеп тағамының комбинаты, мектеп-базалы асханалар);

2) жартылай фабрикаттардан тамақ және аспаздық бұйымдар дайындауды және оларды өткізуді жүзеге асыратын дайындауға дейінгі қоғамдық тамақтандыру ұйымдары;

3) апта күндері бойынша әртүрлі ас мәзіріне сәйкес тамақ өндіретін және (немесе) өткізетін азық-түлік шикізатымен немесе жартылай фабрикаттармен жұмыс істейтін асхана объектілері;

4) дайын тамақты, аспаздық, ұннан жасалған кондитерлік бұйымдарды өткізуді жүзеге асыратын буфеттер, буфеттер-тарату орындары.

221. Тамақтану объектілерінде тұруға, қоғамдық тамақтанумен байланысы жоқ жұмыстар мен қызметтерді орындауды, сондай-ақ жануарлар мен құстарды ұстауға жол берілмейді.

222. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінде шикізатпен немесе жартылай фабрикатпен жұмыс істейтін ас блогы көзделеді. Ас блогы 2 қабаттан жоғары орналастырылмайды. Ас блогын 2-ші қабатта орналастыру кезінде өнімді тасымалдау үшін жүк көтеретін лифтімен жабдықталады.

223. Шикізатпен жұмыс істейтін ас блогының құрамы мыналарды қамтиды: ыстық цех, тарату бөлмесі, салқындату цехы (немесе шартты аймақ), ет-балық цехы, көкөніс цехы, асхана ыдыстарын жуатын және жеке ас үй ыдыстарын жуатын бөлме, құрғақ өнімдерді сақтайтын қойма, көкөністерді сақтайтын қойма, тоңазытқыш жабдығы бар тез бұзылатын өнімдерді сақтауға арналған үй-жай, жүк тиейтін бөлме, персоналдың бөлмесі, киім ауыстыратын орын, персоналға арналған себезгі және дәретхана.

224. Ас блогының үй-жайлары көлемді-жоспарлау және конструктивтік шешімдермен шикі өнімнің, шикі жартылай фабрикаттардың және дайын өніммен, пайдаланылған ыдыстың таза ыдыспен, келушілер мен персоналдың араласуын болдырмайтын технологиялық үдерістердің жүйелілігі көзделеді.

225. Жартылай фабрикаттармен жұмыс істейтін ас блоктарында мыналар көзделеді: дайындауға дейінгі (жартылай фабрикаттар мен дайын өнімді өңдеуге арналған аймақтарға шартты бөлінген) бөлме, сусымалы өнімдерді сақтау бөлмесі, асхана және ас үй ыдыстарын жуатын орын, тоңазытқыш жабдығы бар үй-жай, тамақ тарататын бөлме, персоналға арналған үй-жай, персоналға арналған себезгі және дәретхана.

226. Құрғақ өнімдерді, көкөністерді сақтайтын қойма салқындатылатын камералар асүйден оқшауланады, ыдыс жуатын үй-жайлардың, себезгілердің және санитариялық тораптардың, сондай-ақ баспалдақтары бар өндірістік үй-жайлардың астындағы үй-жайларға орналастырылмайды.

227. Шикізатпен жұмыс істейтін, өнімділігі аз (50 отыратын орынға дейін) ас блогында үй-жайлар жиынын: тамақ тарату аймағы мен асхана және асүй ыдыстарын жуу аймағын (арақабырғамен бөлінген) бөле отырып, ыстық тамақ цехын, тамақ дайындайтын цех, көкөністі сақтау аймағын бөле отырып, сусымалы өнімдер қоймасын, персоналға арналған дәретхананы қысқартуға жол беріледі.

228. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісімі бойынша білім беру ұйымдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес олардың талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болған кезде мектеп тағамының базалық ұйымдарынан (мектеп тағамы комбинаттары, мектеп-базалық асханалар және тағы басқалары) және қоғамдық тамақтандыру ұйымдарынан жартылай фабрикаттарды жеткізуге жол беріледі.

229. Буфеттерде тағамдарды, аспаздық бұйымдарды сатуды, сондай-ақ ыстық сусындар мен жекелеген тағамдарды дайындауды (шұжық өнімдерін, жұмыртқаны қайнату, сүт тағамдарын дайындау, салаттарды араластыру, дайын өнімдерді кесу) жүзеге асыруға мүмкіндік беретін үй-жайлар және жабдық жиыны көзделеді.

230. Бейімделген ғимараттарда орналасқан жалпы білім беру ұйымдарында және шағын МДТОҰ-да тығыз орналасқан құрылыс жағдайларында, ауылдық елді мекендерде үлгілік асханаларды ұйымдастыруға арналған жағдайлар болмаған жағдайда, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша үй-жайлардың қысқартылған жиыны: қойма үй-жайлары, шикізат дайындау, тамақ дайындау, дайын өнімді тарату және асхана мен асүй ыдыстарын жуу аймақтары бар асүй көзделеді.

Асүйдің ауданы кемінде 18 м^2 болып қабылданады. Тұрғын үйлердің 1-ші

кабатында орналасқан шағын МДТОҰ-да қолданыстағы асүйдің алаңдарында тамақ дайындауға жол беріледі.

231. Технологиялық, тоңазытқыш және жуу жабдықтарын орналастыру тамақты дайындау ағымдылығын есепке ала отырып жүзеге асырылады.

232. Жабдықтың ең аз жиыны мыналарды: духовкасы бар электр плитасын, сыртқа тарату шатырын, тоңазытқышты, электрлі су ысытқышты, ыдыс жууға арналған 2 секциялы жуғыш ваннаны, персоналдың қол жуатын раковинасын, шикі және дайын өнімге арналған бөлшектеу үстелдерін және жуғышты қамтиды.

233. Шикі және дайын өнімдер бөлек сақталады.

Жалпы білім беретін ұйымдардың жанындағы шағын – орталықтарда балаларды тамақтандыру топтармен жүзеге асырылады.

234. Тамақтану залының ауданы бір орынға кемінде $0,8 \text{ м}^2$ есебінен көзделеді. Отыратын орын санын бір ауысымдағы оқушылар мен оқытушылар санының $1/3$ есебінен айқындайды.

235. Барлық өндірістік цехтарда араластырғыш арқылы суық және ыстық су келтірілген раковиналар, жуғыш ванналар орнатылады.

236. Асхананың тамақтану залының жанында 20 отырғызу орнына 1 шүмек есебінен қолжуғыштар орнатылады. Орталықтандырылған сумен жабдықтау болмаған жағдайда суды қолмен құятын қолжуғыштар орнатылады. Қолжуғыштардың жанына электрлі сүлгі (екі раковинаға кемінде 1) орнатылады немесе бір рет қолданылатын сүлгі пайдаланылады.

237. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және білім беру объектілерінің қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жаңадан салынатын немесе қайта жаңартыланатын ғимараттары үшін асхана алдында қолжуғыштар орнату көзделеді: қолжуғыштардың жоғарғы бетінің еденнен биіктігі 1- сынып оқушылары үшін $0,5$; 2 – 4-сынып оқушылары үшін $0,6$ м және 5 – 11 (12)-сынып оқушылары үшін $0,7$ м қабылданады.

Қолжуғыштар мен қабырғаның арасындағы өтетін жол кемінде $1,1$ м, қолжуғыштардың екі қатарының арасында кемінде $1,6$ м көзделеді.

238. Шамшырақтардың қорғаныш арматурасы болады, плиталардың, технологиялық жабдықтың және бөлшектеу үстелдерінің үстіне орналастыруға жол берілмейді.

239. Өндірістік, қоймалық және әкімшілік-тұрмыстық ас блогы үй-жайларының жабдығының тізбесі осы Санитариялық қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес жабдықталады.

240. Жабдық, өндірістік үстелдер, мүкәммал, ыдыс-аяқ, ыдыс тамақ өнімдерімен жанасуға рұқсат етілген, жуу және дезинфекциялау құралдарының

әсеріне төзімді материалдардан дайындалады және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар үшін қауіпсіздік талаптарына жауап береді.

241. Тамақтану залдары жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, оларға өңдеу жүргізуге мүмкіндік беретін жабдығы бар жиһазбен ж а б д ы қ т а л а д ы .

242. Қандай да бір технологиялық және тоназытқыш жабдығы істен шыққан жағдайда, ас мәзіріне өзгерістер енгізіледі.

243. Тамақ өнімдерін, ыдыстарды, мүкәммалды сақтауға арналған стеллаждардың төменгі сөрелері мен тауарлардың астына қоятын тұғырлардың еденнен биіктігі кемінде 15 см көзделеді.

244. Асханаларды бір отыратын орынға кемінде үш жиын есебінен асхана ыдысымен және аспаптармен қамтамасыз етілуі тиіс.

245. Тамақтануды ұйымдастыру кезінде тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар үшін қауіпсіздік талаптарына сай келетін фарфордан, фаянстан және шыныдан жасалған ыдыстар (тәрелкелер, табақшалар, тостағандар, бокалдар) пайдаланылады. Дайын тамақтарды дайындауға және сақтауға арналған асхана аспаптары (қасық, шанышқы, пышақтар), ыдыстар тот баспайтын болаттан немесе материалдың гигиеналық қасиеттері бойынша ұқсас м а т е р и а л д а н б о л у ы т и і с .

246. Шикі және дайын өнімдерді бөлек сақтау, оларды технологиялық өңдеу және тарату үшін бөлек және таңбаланған жабдық, бөлшектеу мүкәммалы, асүй ы д ы с ы п а й д а л а н ы л а д ы :

1) таңбасы бар өндірістік үстелдер: шикі ет "ШЕ", піскен ет "ПЕ", шикі балық "ШБ", піскен балық "ПБ", шикі көкөністер "ШК", піскен көкөністер "ПК", "нан", дайын өнім "ДӨ", қамырға арналған;

2) бөлшектеу мүкәммалы (бөлшектеуге арналған тақтай және пышақтар): шикі ет "ШЕ", піскен ет "АЕ", шикі балық "ШБ", піскен балық "АБ", шикі көкөністер "ШК", піскен көкөністер "ПК", "нан", "майшабақ", "гастрономия";

3) таңбасы бар асүй ыдыстары: "І тағам", "ІІ тағам", "ІІІ тағам", "сүт", "жұмыртқаларды өңдеуге арналған", "жұмыртқаларды жаруға арналған", "дайын өнімге арналған", "шикі өнімге арналған".

247. Пішіні өзгерген, жиектері сынған, сызаттары, сынықтары бар, эмалы зақымданған асүй және асхана ыдыстарын; алюминийден жасалған асхана аспаптарын; пластмассадан және сығымдалған жұқа тақтайдан жасалған бөлшектеу тақтайларын; сызаттары және механикалық зақымдалған бөлшектеу тақтайларын және ұсақ мүкәммалды пайдалануға жол берілмейді.

248. Ет және балықты қасаптауға арналған бөлшектеу тақтайлары, науалар тесіктері және саңылаулары жоқ тамақ өнімдерімен жанасуға арналған м а т е р и а л д а р д а н д а й ы н д а й д ы .

Етті қасаптауға арналған науаны арнайы тұғырыққа орнатады және күнсайын жұмыс аяқталған соң тазартады және бетіне тұз себеді. Науаның бетін жүйелі түрде сүргілейді және жоады.

249. Алаң жеткілікті (ас блогы үй-жайына бейімделген) болмаған жағдайда, піскен етті, піскен балықты, піскен көкөністерді тиісінше таңбаланған тақтай мен пышақтарды пайдалана отырып, "дайын өнім" деген үстелде турауға жол беріледі.

250. Ыстық дайын тамақты және салқын жеңіл тағамды жеткізу үшін ішкі беті тамақ өнімдерімен жанасу үшін рұқсат етілген материалдардан жасалған арнайы изотермиялық сыйымдылықтар пайдаланылады.

251. Ас блогының өндірістік және басқа да үй-жайлары тәртіппен және таза ұсталады. Тамақ өнімдерін еденде сақтауға жол берілмейді.

252. Тамақтану залын жинау әрбір тамақ ішілгеннен кейін жүргізіледі. Тамақтану үстелдерін арнайы бөлінген шүберекті және таза немесе пайдаланылған шүберекке арналған таңбаланған ыдысты пайдалана отырып, жуу құралдары қосылған ыстық сумен жуады. Шүберекті пайдаланғаннан кейін жуу құралдарын қоса отырып, жуады, дезинфекциялайды немесе қайнатады, шаяды, кептіреді және таза шүберекке арналған ыдыста сақтайды.

253. Асүй ыдысын жуу асхана ыдысынан бөлек көзделеді. Жуу үй-жайларында ыдыстар мен мүкәммалды жуу қағидалары туралы нұсқаулық ілінеді.

254. Жұмыс күнінің соңында эпидемиологиялық айғақтар бойынша барлық асхана, шай ыдыстарын, аспаптарды дезинфекциялау ерітіндісіне батырып қояды, содан кейін ыдысты ағынды сумен мұқият шаяды.

255. Асхана және асүй ыдыстарын жууға арналған жуғыш ванналардың көлемдік сыйымдылығының таңбасы болады және полимер және резеңке материалдардан жасалған тығындармен қамтамасыз етіледі. Дезинфекциялау құралдарын дозалау үшін өлшегіш ыдыс пайдаланылады.

256. Екі секциялы ванналарда асүй ыдыстарын жуу кезінде мынадай тәртіп сақталады:

- 1) тамақ қалдықтарын механикалық тазарту;
- 2) + 45⁰С төмен емес температурада және жуу құралдары қосылған суда щеткамен жуу;
- 3) + 65⁰С төмен емес температурада ыстық ағынды сумен шаю;
- 4) тор сөрелерде және стеллаждарда төңкерілген күйінде кептіру.

257. Арнайы жуғыш машинада асхана ыдыстарын жуу оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

258. Үш секциялы ванналарда асхана ыдыстарын қолмен жуу кезінде

мынадай тәртіп сақталады:

- 1) тамақ қалдықтарын механикалық тазарту;
- 2) ваннаның бірінші секциясында + 45⁰С төмен емес температурада жуу құралдары қосылған суда жуу;
- 3) ваннаның екінші секциясында + 45⁰С төмен емес температурада және ваннаның бірінші секциясына қарағанда 2 есе аз мөлшерде аз жуу құралдары қосылған суда жуу;
- 4) ваннаның үшінші секциясында + 65⁰С төмен емес температурада ыстық ағынды суда ыдыстарды шаяу;
- 5) торларда, сөрелерде және стеллаждарда төңкерілген күйінде кептіру.

259. МДТОҰ-да және сәбилер үйлерінде буфеттерде асхана ыдыстарын жуу үшін тиісті таңбасы бар 2 ұялы жуғыштар немесе ыдыс жуғыш машина орнатылады.

Алдымен бірінші ұяшыққа рұқсат етілген жуу құралдарын қоса отырып + 45⁰С температурада шай ыдыстарын жуады, екінші ұяшықта + 65⁰С төмен емес температурада ыстық сумен шаяды, содан соң осындай кезекпен асхана ыдыстарын жуады. Асхана ыдысын жуу алдында оларды тағам қалдықтарынан тазартады, жуу құралдарын қосып, +45⁰С температурада жуғыштың бірінші ұяшығында ыстық сумен жуады, екінші жуғышта + 65⁰С температурада ыдысты ағынды сумен шаяды және тор-сөрелерде кептіреді.

260. Арнайы жуғыш орны және ағынды су жоқ болған кезде ыдыстарды үш легенде (легеннің көлемі кемінде 10 литр) жуу құралдарын қоса отырып, ыстық суда жуады, таза ыдыстар ыстық сумен шайылады, кейін кептіріледі.

261. Асхана аспаптарын сақтауға арналған сыйымдылықтар + 45⁰С төмен емес температурада жуу құралдарын қолдана отырып, ыстық суға жуады.

262. МДТОҰ-да және сәбилер үйлерінде емізіктерді жуады, он бес минут қайнатады және қақпағы жабық шыны ыдыста сақтайды. Сүт қоспаларына арналған бөтелкелерді жөкенің және майсыздандыратын құралдардың (қыша ұнтағы, ас содасы) көмегімен жылы ағынды сумен жуады, содан кейін он бес минут қайнатады және таңбаланған жабық эмаль ыдыста сақтайды.

263. Таза асүй ыдысын және мүкәммалды еденнен кемінде 0,5 м биіктіктегі стеллаждарда; асхана ыдыстарын шкафтарда немесе торларда; асхана аспаптарын тұтқасын жоғары қаратып сақтайды, оларды табақтарда шашылған күйде сақтауға жол берілмейді.

264. Технологиялық жабдықты өңдеуді күнсайын оның ластануына байланысты және жұмыс күнінің соңында арнайы бөлінген шүберекпен және сыйымдылықта жүргізеді.

265. Бөлшектеу тақтайларын және ұсақ ағаш мүкәммалын жууды асүй ыдысына арналған жуу бөлімшесінде (цехта) жуу құралдарын қоса отырып, +45° С төмен емес температурада ыстық суда жүргізеді, +65°С төмен емес температурада ыстық сумен шаяды және ыстық су құяды, содан кейін стеллаждарда қырынан тұрғызып кептіреді. Өндегеннен және кептіргеннен кейін бөлшектеу тақтайларын және пышақтарды таңбаланған арнайы кассеталарда (тақтайларды қырынан) сақтайды, тиісті өндірістік үстелдерге (қырынан) тікелей сақтауға жол беріледі. Оларды үсті-үстіне қойып сақтауға жол берілмейді.

266. Ыдыс жууға арналған щеткалар мен шүберекті пайдаланғаннан кейін тазартады, жуу құралдарын қоса отырып, +45°С төмен емес температурада ыстық суға батырып қояды, дезинфекциялайды (немесе 15 минут қайнатады), ағынды сумен шаяды, кептіреді және арнайы ыдыста сақтайды.

267. Күрделі жинауды жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып және эпидемиологиялық айғақтар бойынша айына бір рет (қабырғаларды, жабдықты, әйнектің ішкі беттерін, жарықтандыру аппаратурасын, асүй және асхана ыдыстарын, ыдысты және мүкәммалды жуу) жүргізеді.

268. Ақ және қара нан бөлек (әр түрлі сөрелерде сақтауға жол беріледі) желдетуге арналған есігінде саңылауы бар шкафта сақталады, төменгі сөренің еденнен қашықтығы кемінде 35 см болады. Шкафтардың сөрелерін нанның ұнтағынан арнайы щеткалармен тазартады және 1%-дық асханалық сірке су ерітіндісін қолдана отырып, шүберекпен сүртеді.

269. Тамақ қалдықтарына арналған таңбаланған ("тамақ қалдықтары") ыдыстардың қақпағы болады, арнайы бөлінген орында сақтайды және олардың 2/3 көлемі толуына байланысты қалдықтардан босатылады, жуу құралының ерітіндісімен жуады.

270. МДТОҰ, сәбилер үйі топтарының буфеттерінде тамақ қалдықтарын жинауға арналған ыдысты әрбір тамақ ішкеннен кейін тазалайды, жуу ерітіндісімен жуады, ыстық сумен шаяды және кептіреді.

Тамақ қалдықтарын ас блогының тарату немесе өндірістік үй-жайлары арқылы шығаруға жол берілмейді.

271. Тамақ ішу арасындағы аралық 3,5 – 4 сағаттан аспауы тиіс.

272. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінде балаларды тамақтандыру нормалары осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес қабылданады.

273. Жалпы білім беретін және интернат ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, КББО-да, сәбилер үйлерінде, МДТОҰ-да перспективалы маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) екі апталық мәзір жасалады.

274. Шығарылатын өнімнің перспективалы мәзірі және ассортимент тізбесі ас блогын пайдалануға беру кезінде, одан әрі қайта жаңарту жүргізілгеннен кейін, ас блогының бейіні немесе өндірістік үдерісі өзгерген кезде, сондай-ақ бұрын бекітілген ассортиментке өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы мемлекеттік органдармен келісіледі.

275. Күнсайын тамақтанатын балалар мен жасөспірімдердің саны көрсетілген мәзір-тарату парағы, жас ерекшелігіне, сондай-ақ әрбір тағам бойынша өнімдердің шығыстарына байланысты порцияның массасын граммен көрсете отырып, осы Санитариялық қағидаларға 9, 10-қосымшаларға сәйкес тағам тізбесі жасалады.

276. Тамақтанудың іс жүзіндегі рационы бекітілген перспективалы мәзірге сәйкес келуі тиіс. Ерекше жағдайларда бір өнімді, тағамды және аспаздық бұйымдарды басқаларымен ауыстыруға жол беріледі.

277. Тамақты дайындау өнімдерді тарату, тағамдардың шығымы, тағамды дайындау технологиясы туралы мәліметтер көрсетілген технологиялық карталарға сәйкес тағамдар картотекасын пайдалана отырып жүргізілуі тиіс.

278. Перспективалы мәзірде бірдей тағамдарды немесе аспаздық өнімдерді бір күнде немесе келесі 2 – 3 күнде қайталауға жол берілмейді.

279. Күнсайын тамақтану рационына ет, сүт, сары май және өсімдік майы, кара бидай және (немесе) бидай наны, көкөністер және қант қосылады. Балық, жұмыртқа, ірімшік, сүзбе, тауық еті 2 – 7 күнде 1 рет қосылады.

280. МДТОҰ-да және балалар мен жасөспірімдердің тәулік бойы болатын объектілерінде таңғы ас көкөніс пен жеміс-жидек қосылған, ыстық тамақты (бірінші және екінші) және ыстық сусынды қамтиды.

Түскі ас салат, бірінші, екінші (негізгі ыстық тамақ еттен, балық немесе тауықтан) және үшінші (компот, кисель, шай) тағамнан тұрады. Аскөк қосып пісірілген және жас көкөністерден (қиярдан, қызанақтан, жаңа піскен немесе тұздалған қырыққабаттан, сәбізден, қызылшадан) жеңіл салаттар дайындалады. Бесін ас мәзіріне кремсіз тоқашты немесе кондитерлік өніммен бірге сусынды (сүт, қышқыл сүт өнімдері, кисель, шырын) қосады.

Кешкі ас көкөніс (сүзбе) тағамынан немесе ботқадан; екінші негізгі тамақтан (еттен, балықтан немесе тауықтан), сусыннан (шай, шырын, кисель) тұрады. Екінші кешкі ас ретінде қосымша жеміс-жидектерді немесе қышқыл сүт өнімдерін және кремсіз тоқаш немесе кондитерлік бұйымдарды қосады.

281. Тамақтану залында білім беретін мекеменің басшысы бекіткен, тамақтың көлемі мен аспаздық бұйымның атауы туралы мәлімет көрсетілетін мәзір күнсайын ілінуі тиіс.

282. Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдау олардың сапасы

және қауіпсіздігін куәландыратын (шығарушының ветеринариялық-санитариялық сараптама құжаттары, сондай-ақ сәйкестік сертификаты) құжаттары болған жағдайда жүзеге асырылады.

Өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттар қоғамдық тамақтандыру ұйымдарында сақталады.

283. Тамақ өнімдерін тасымалдау санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар автокөлікпен жүргізіледі. Экспедитордың арнайы киімі болуы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық тексеріп-қараудан өтуі тиіс.

284. Тамақ өнімдерін сатып алатын орындар білім беретін ұйымдардан кемінде 500 метрден артық радиуста орналасқан кезде өнімдерді қол жүгімен жеткізуге жол беріледі (50 отыратын орыннан аспайтын). Тасымалдау кезінде жеткізілетін өнімнің бұзылуы мен ластануын болдырмайтын жағдай қамтамасыз етілуі тиіс.

285. Балалар мен жасөспірімдер тағамына көрсетілген өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын зертханалық-құрал-саймандық зерттеулер нәтижелері болғанда, ауыл шаруашылығы мақсатындағы ұйымдарда, оқу-тәжірибелік және бау-бақшалық учаскелерде, білім беру ұйымдарындағы жылыжайларда өсірілген өсімдіктен алынған азық-түлік шикізатын пайдалануға жол беріледі.

286. Ас блогы үй-жайларына балалар мен жасөспірімдердің кіруіне және оларды тағамдар дайындаумен, көкөністі тазалаумен, дайын тамақты таратумен, нан кесумен, ыдыс жуумен, өндірістік үй-жайларды тазалаумен байланысты жұмыстарға тартуға жол берілмейді.

287. Шикі өнімдерді (тазаланбаған көкөністі, етті, балықты) өңдеу үшін бөлек жуғыш ванна көзделеді. Осы мақсат үшін асүй немесе асхана ыдыстарын жууға арналған ваннаны, қол жууға арналған раковинаны пайдалануға жол берілмейді.

288. Балықты өндірістік үстелдерде немесе 1 литр суға 7 – 10 г есебімен тұз қоса отырып, +12°C-тан аспайтын температурадағы суда жібітеді. Бекіре балықты немесе жон етін суда еріту ұсынылмайды.

289. Ет, жартылай фабрикаттар, балық және басқа да өнімдер екінші рет мұздатылмайды және бірінші өңдеуден кейін жылы өңдеуден өтеді. Жібітілген өнімді сақтауға жол берілмейді.

290. Жұмыртқаларды өңдеуді таңбаланған ыдыста жүргізеді. Жұмыртқаларды өңдеу олар ерітіндіге толық батырылған жағдайда, мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) өңдеу-кальцийленген соданың 1 – 2%-дық жылы ерітіндісінде;

2) өңдеу-кемінде 5 минут бойы ағынды сумен шаю.

291. Консервіленген өнімдердің жеке қаптамасын ашу алдында ағынды сумен

ш а я д ы .

292. Сусындарды құю тікелей тұтынушының ыдысына (стақандарға, бокалдарға) жүзеге асырылады, тарату алдында ортақ ыдысқа құюға жол берілмейді .

293. Тазартылған түрде пісіруге жататын тағамдарда, көкөністерде витаминдердің сақталуын қамтамасыз ету үшін тікелей қайнату алдында тазалайды және тұзды суда қайнатады (қызылшадан басқасын).

294. Тазартылған картопты және басқа да көкөністерді 2 сағаттан артық салқын суда ұзақ ұстап, алдын ала дайындауға жол берілмейді. Салатқа арнап пісірілген көкөністер + 2 – 4^oC температурада 6 сағаттан асырмай тоңазытқышта сақталуы тиіс .

295. Салат дайындауға арналған шикі көкөністер мен аскөкті кейіннен термиялық өңдеуден өткізбей, 3%-дық сірке су қышқылы ерітіндісінде немесе кейіннен салқындатылған қайнаған сумен шаю арқылы 10 минут бойы 10%-дық ас тұзы ерітіндісінде ұстайды. Бөлшектеу "ПК" деген таңбасы бар үстелдерде және тақтайларда дайын өнімдер цехында жүргізіледі.

296. Аспаздық дайындыққа дейін жеткізілген тамақ өнімі немесе өнімдердің үйлесімі болып табылатын аспаздық өнімдерді дайындау кезінде мынадай талаптар сақталады :

1) піскен еттен, тауық етінен, балықтан жасалған екінші тағамдарды дайындау кезінде немесе бірінші тағамға піскен етті (балықты) жіберген кезде порциялық ет 5 – 7 минут бойы сорпада екінші рет қайнатылады;

2) бірінші тағамға арналған порцияланған етті таратуға дейін ыстық плитада немесе мармитте 1 сағаттан асырмай сорпада сақтауға жол беріледі;

3) тағам құрамына кіретін ингредиенттерді араластыру кезінде өнімге қолды тигізбей, асхана мүкәммалын пайдаланады;

4) гарнирлерді және басқа да тағамдарды тұздық қатықтауға пайдаланылатын сары май және сүтті алдын ала термиялық өңдеуден (еріту және қайнату) өткізеді ;

5) жұмыртқаны су қайнағаннан кейін 10 минут бойы пісіреді;

6) рецептурасына жұмыртқа кіретін омлеттерді және пісірмелерді қуыру шкафында, омлеттерді – +180 – 200^oC температурада 8 – 10 минут бойы 2,5 – 3 см қабатпен; пісірмелерді – +220 – 280^oC температурада 20 – 30 минут бойы 3 – 4 см аспайтын қабатпен дайындайды; жұмыртқа массасын сақтау +2 – 4^oC температурада 30 минуттан асырмай жүзеге асырылады;

7) пісірілген шұжықтарды, сардельдерді және сосискаларды су қайнаған соң кемінде 5 минут пісіреді ;

8) тартылған еттен және балықтан жасалатын котлеттерді, биточкаларды 10

минут бойы екі жағынан қуырады және +220 – 250⁰С температурада дайын болғанға дейін духовка шкафында қуырады.

297. 1,5 жасқа дейінгі балаларға асылған еттен жасалған езбе ұсынылады, 1,5 жастан үлкен балаларға шикі тартылған еттен жасалған котлетті буға дайындауға жол беріледі. Бұл ретте тартылған етті тікелей котлетті дайындау алдында дайындайды. 2 жастан үлкен балаларға кейіннен бұқтырылатын қуырылған котлеттерді, сонымен қатар етті және биточкаларды беруге жол беріледі.

1,5 жасқа дейінгі балаларға сұйық және ұсақталған ботқалар, үлкен балаларға – жабысқақ және бытырап піскен ботқалар ұсынылады.

298. Кеспе бұйымдарын қайнаған тұзды суға салады және дайын болғанша пісіреді. Дайын кеспе бұйымдарын қайнаған ыстық сумен шаяды.

299. Бұршақ өнімдерін жуады және 3 – 4 сағат бойы суға салып қояды, бөрткеннен кейін суын төгеді және басқа суда қайнатады.

300. Тамақ дайындау кезінде мынадай талаптар сақталуы тиіс:

1) шикі және піскен өнімдерді өңдеуді тиісті таңбаланған бөлшектеу мүкәммалын пайдалана отырып, әртүрлі үстелдерде жүргізеді;

2) ет-сүйек сорпасын сүзіп алады;

3) салатқа арналған шикі көкөністерді "ПК" – піскен көкөністер деген таңбасы бар үстелдерде және тақтайларда өңдейді және турайды;

4) шикі және піскен өнімдер үшін бөлек кемінде екі етартқыштың болуы;

5) ашыған сүтті тек қамыр дайындауға қолданады;

б) сүт өңдеу ұйымдары ұсақ орамаларда шығарған, қаймақ және сүзбе арнайы термиялық өңдеуді қажет етпейді.

301. МДТОҰ-да және балалар мен жасөспірімдер тәулік бойы болатын ұйымдарда гиповитаминоздың алдын алу және спецификалық емес иммунитетті жоғарылату мақсатында салқындатылған сусындарға (компотқа, кисельге) аскорбин қышқылымен жасанды витаминдеу жүргізіледі.

302. Компоттарды витаминдеу оларды өткізуден бұрын +15⁰С-тан аспайтын температураға дейін салқындатқаннан кейін қамтамасыз етіледі, кисельге аскорбин қышқылының ерітіндісін +30 – 35⁰С температураға дейін салқындатқан кезде қосады. Сәби балаларға арналған С витаминінің тәуліктік нормасы 50 миллиграмм (бұдан әрі – мг), ал мектепке дейінгі балалар үшін 60 мг. Витаминделген тағамдар жылытылмайды.

303. Дайын бірінші және екінші тағам дайындалған сәттен бастап мармитте немесе ыстық плитада кемінде 2 сағат не изотермиялық ыдыста (термоста) – тарату температурасынан төмен емес температураны қамтамасыз ететін уақыт ішінде, бірақ 2 сағаттан асырмай болуы мүмкін. Тарату температурасынан төмен, суып қалған дайын ыстық тамақты ысытуға жол берілмейді.

304. Салаттарды және олардың тұздығын дайындау тарату алдында тікелей жүзеге асырылады. Тұздық қатқан салаттарды сақтауға жол берілмейді.

305. Тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттары өндірушінің (дайындаушының) белгілеген жарамдылық мерзімдеріне сәйкес к е л е д і .

306. Тез бұзылатын тамақ өнімдері осы Санитариялық қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес $+2 - 6^{\circ}\text{C}$ температурада тоңазытқыш камераларында немесе тоңазытқыштарда сақталуы тиіс.

Тоңазытқыш және тоңазытқыш камераларында температураны бақылау үшін термометрлер орнатылады. Сынап термометрлерін пайдалануға жол берілмейді.

Бір тоңазытқыш камерасы болған жағдайда, ет, балық және сүт өнімдерін сақтау орындары шектеледі.

307. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінде инфекциялық аурулардың және тамақтан уланулардың пайда болуы мен таралуын болдырмау үшін мыналарға жол берілмейді:

1) айран, сүзбе және басқа да сүт қышқылы өнімдерін, туралған ет қосылған құймақтарды, флотша макаронды, зельцті, кремі бар кондитерлік өнімдерді, морсты, квасты, форшмакты, фритюрдегі өнімдерді, сілікпені, паштеттерді, фритюрде қуырылған өнімдерді, шала пісірілген жұмыртқаны, қуырылған жұмыртқаны, қаймақ қосылған салаттарды, окрошканы, саңырауқұлақты, үйде дайындалған өнімдерді дайындауға;

2) пастерленбеген сүтті, қайнатылмаған немесе термиялық өңдеусіз сүзбені және қаймақты, суда жүзетін құстың жұмыртқасын және етін пайдалануға;

3) алдында ішкен тамақтардың, сондай-ақ алдында дайындалған тамақты пайдалануға; ауыл шаруашылығы малының сырқаттанушылығы бойынша қолайсыз шаруашылықтардың сүтін және сүт өнімдерін; тіл мен жүректі қоспағанда ішек-қарынды; суда жүзетін құстың етін және жұмыртқасын пайдалануға жол берілмейді.

308. Сәбилер үйлері, МДТОҰ, интернат және жалпы білім беру ұйымдары мен ТКБ ас блоктарында сақтайтын тамақтану қағидатына сәйкес тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар, майонез қосылған салаттар, газдалған және алкогольсіз энергетикалық сусындар (минаралды және ауыз суды қоспағанда), чипсілер, кептірілген нан, гамбургерлер, ход-догтар; ащы тұздықтар, кетчуптар негізінде бірінші және екінші тағамдарға; сағыз сатуға және тамақ өнімдерін сататын автоматтарды пайдалануға жол берілмейді.

309. Жаппай сауықтыру емшаралары ретінде оттегі коктейльдерін педиатр-дәрігердің белгілеуінсіз өткізуге жол берілмейді. Емшараны тек медицина қызметкері ғана нұсқаулыққа сәйкес коктейльдерді дайындау

шарттары бар болғанда жүргізуі тиіс.

310. Ас блогында ұйымның медицина қызметкері немесе жауапты адамы осы Санитариялық қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес сапасын бракераж журналына жазу арқылы дайын тағамның сапасын органолептикалық бағалау жүргізіледі.

311. Күнсайын ас блогында аспазшы дайын өнімнің тәуліктік сынамасын қалдыруы тиіс. Сынамаларды қақпағы бар таза шыны ыдысқа (гарнирді бөлек ыдысқа салады) алады және +2°C-тан +6°C-қа дейінгі температурада тоңазытқышта арнайы бөлінген орында сақтайды. Тәуліктік сынама келесі күні немесе демалыстан кейінгі (демалыс күндерінің санына қарамастан) күні дайындалатын тағаммен – таңғы аспен, түскі аспен, бесін немесе кешкі аспен ауыстырғанға дейін сақталуы тиіс.

9. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және білім беру объектілерінде персоналды гигиеналық тәрбиелеуге (жеке гигиенаға) қойылатын талаптар

312. Объектілерде персоналдың жеке гигиена қағидаларын сақтауына жағдай жасалуы тиіс. Қол жуу үшін араластырғышы бар ыстық және салқын су келтірілген, сабын және жеке немесе бір рет қолданылатын сүлгі орнатуға арналған құрылғымен жабдықталған қол жуатын раковиналар орналастырылады.

313. Персоналдың арнайы киімін жуу кір жуатын ұйымда (бар болғанда) немесе өзге де кір жуатын орында жүргізілуі тиіс.

314. Ас блогының қызметкерлері кемінде үш арнайы киім жиынымен (халат немесе шалбары бар кеудеше, бас киім) және қажетті жеке гигиена қағидаларын сақтау жағдайларымен қамтамасыз етіледі. Ас блогының қызметкерлері мынадай жеке гигиена қағидаларын орындайды:

1) жұмыс басталу алдында сырт киімді шкафқа салады, қолдарын сабынмен және щеткамен мұқият жуады;

2) таза арнайы киімде жұмыс істейді, шаштарын орамалдың немесе қалпақтың астына жинайды;

3) жұмыс үдерісінде сақина, алқа, сағат және басқа да сынатын заттарды шешіп қояды;

4) ас блогынан шығатын жерде дәретханаға барған кезде арнайы киімді шешеді, асханаға қайтып келгенде қолды ыстық сумен сабынмен және щеткамен мұқият жуады, содан кейін арнайы киімді киеді.

Ұзын тырнақ өсіруге және оны лакпен бояуға, арнайы киімді түйреуішпен түйреуге жол берілмейді.

315. Суық тию немесе асқазан-ішек бұзылу белгілері, іріндеу, тіліктер, күйіктер пайда болған кезде қызметкер бұл туралы әкімшілікке хабарлайды және

медициналық көмекке жүгінеді, сондай-ақ отбасындағы барлық ішек инфекцияларымен ауыру жағдайлары туралы хабарлайды.

316. Қызметкерде ішек инфекциясы, іріңді тері аурулары, жоғарғы тыныс алу жолдарының қабынуы, күйіп қалу немесе кесіп алу жағдайлары болса, уақытша жұмыстан шеттетіледі және тиісті тексеру және дәрігердің қорытындысы бойынша медициналық бақылау тексеруден өткізілгеннен кейін жұмысқа жіберіледі.

317. Жұмысқа тиісті кәсіби біліктілігі бар аспаздар жіберіледі.

318. Ас блогы алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасымен жарақталуы тиіс.

10. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінде балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, оқыту (мектеп оқулықтарына) және өндірістік практикаға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

319. Жалпы үлгідегі сәбилер үйінде туғаннан бастап 3 жасқа дейінгі, мамандандырылған сәбилер үйінде (жалпы үлгіді сәбилер үйіндегі топта) 4 жасқа дейінгі балалар тәрбиеленеді.

320. Сәбилер үйінде тәрбиеленетін балалардың тиімді саны 100 – 150 құрайды. Топтардың топтасуы туғаннан бастап 1,5 жасқа дейін – 10 бала; 1,5 жастан 2 жасқа дейін – 13 бала; 2 жастан 3 жасқа дейін – 15 бала.

321. Сәбилер үйлерінің және МДТОҰ-ның күні осы Санитариялық қағидаларға 13-қосымшада келтірілген ұйқы, демалыс, таза ауада болу, оқу сабақтарын өткізу, дене шынықтыру ұзақтығының нормаларына сәйкес келеді.

322. Жаңадан жүре бастаған балалар үшін топтық үй-жайларда құралдармен және ойыншықтармен жабдықталған еденнің қоршалған бөлігі көзделеді.

323. Әртүрлі ді сақтай отырып, 2 түрлі жастағы балаларды 1 топқа біріктіруге ж о л б е р і л е д і .

324. Сыртқы ауа температурасы – 15⁰ С дейін болғанда балалардың күндізгі ұйқысын дәлізде ұйымдастыруға жол беріледі.

325. 3 жастағы балаларға арналған оқу сабақтарының саны апта ішінде оннан аспауы тиіс. Бір сабақтың ұзақтығы сабақ арасындағы 10 – 15 минут үзіліспен 10 – 15 минуттан аспайды. Сабақтар бір қалыпты қарқындылықты қозғалмалы ойын түрінде өткізіледі. Сабақтың ортасында ұзақтығы 1,5 – 2 минут дене шынықтыру үзілістерін ө т к і з е д і .

326. МДТОҰ топтарын, жалпы білім беретін және арнайы (қосалқы) білім беру ұйымдарындағы топтарды (сыныптардың) балалармен толықтыру осы Санитариялық қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес қабылданады.

Әртүрлі жастағы (аралас) топтың контингентін іріктеу әрбір жастағы топтың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне барынша көп сәйкес келетін күнін ұйымдастыру мүмкіндігін ескереді.

Инклюзивтік сыныптарды (топтарды) жиынтықтау кезінде мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың (балалардың) дені сау құрбыларына қатысты арақатынасы үш адамға біреу болып есептеледі.

Ескерту. 326-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1367 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

327. Шағын жинақталған МДТОҰ-да топтарды толықтыру кезінде мыналар оңтайлы болып табылады:

- 1) жастары тетелес балалардың екі аралас тобы (сәбилер, мектепке дейінгі);
- 2) жастары тетелес балалардың екі аралас тобы және бір даярлық тобы.

328. Күндізгі серуеннің ұзақтығы кемінде 1,5 – 2 сағатты, кешке кемінде 2 сағатты құрайды тиіс.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың күні осы Санитариялық қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес қабылданады.

329. "Бала күтуші қызметі" қызметтерін көрсететін объектілерде балаларды тәрбиелеу және оқыту олардың жастарына сәйкес жүргізілуі тиіс. Күні МДТОҰ-ға қойылатын осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес көзделеді.

330. Сәбилер үйінің, МДТОҰ-ның және интернат ұйымдарының, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, КББО-ның күнінде балаларды жалпы шынықтыру рәсімдері көзделуі тиіс. Жалпы шынықтыру рәсімдері ауа ванналарын, су рәсімдерін (оның ішінде үлкен ваннада, бассейнде жүзу), серуендеу және ашық ауада ұйықтауды қамтиды. Әдістер мен құралдарды жыл мезгілін, үй-жай температурасын, топтағы эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып қолданады.

331. Жалпы білім беретін ұйымдардағы сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспауы тиіс. Бірінші сыныптарда бірте-бірте оқу жүктемесін арттыра отырып, "сатылы" оқу сабақтары үшін пайдаланады. Қыркүйекте 35 минуттан 3 сабақ; екінші тоқсаннан бастап 35 минуттан 4 сабақ; екінші жартыжылдықтан бастап сабақтар 45-минуттан жоспарланады. Еңбек сабағынан басқа біріккен сабақтарға жол берілмейді. Бірінші сынып оқушылары үшін бір жыл ішінде қосымша бір апталық демалыстар болуы тиіс.

332. Оқу аптасының ұзақтығына қарамастан, оқушылардың негізгі (инвариантты) оқу жүктемесі бастауыш мектепте кемінде бес сабақты және негізгі мектепте кемінде 6 сабақты құрайды.

Жалпы білім беретін ұйымдардағы оқу жүктемесінің нормалары осы

Санитариялық қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес келуі тиіс.

333. Сабақ кестесін құрған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушылардың ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік динамикасы ескерілуі тиіс және осы Санитариялық қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес қиындық (балл) бойынша пәндерді саралау кестесі пайдаланылады.

334. Апта ішіндегі жоғары сынып оқушыларына арналған оқу жүктемесі сейсенбі немесе сәрсенбі күндеріне оның барынша көп көлемі келетіндей; кіші және орта сынып оқушылары үшін сейсенбі мен бейсенбіге келетіндей бөледі. Осы күндері сабақ кестесіне ең қиын немесе орташа және жеңіл пәндерді қояды және қалған күндерге қарағанда пәндердің саны да көбірек болады. Сәрсенбіде жеңілдетілген күн көзделеді.

Бір күн ішіндегі баллдың ең көп саны дүйсенбі және сенбі күндеріне келуі тиіс.

335. Шағын жинақталған мектептерде сыныптарды қалыптастыруды нақты мектеп жағдайларымен, оқушылар және мұғалімдер санымен айқындайды. Бірінші және үшінші сыныптардың, екінші және үшінші сыныптардың, екінші және төртінші сыныптардың, бесінші және алтыншы сыныптардың, алтыншы және жетінші сыныптардың, жетінші және сегізінші сыныптардың оқушыларының бір топқа біріктірілуі оңтайлы болып табылады. Тоғызыншы, оныншы, он бірінші (он екінші) сыныптарды біріктіруге жол берілмейді.

336. Екінші сыныптан бастап компьютерлік технологияларды пайдалануға болады.

337. Сабақтардың кестесі міндетті және факультативті сабақтар үшін бөлек құрастырылады. Факультативті сабақтарды міндетті сабақтар санының барынша аз саны бар күндері жоспарланады. Факультативті және міндетті сабақтың соңғы сабағының басталуы арасындағы үзілістің ұзақтығы 45 минутты құрайды.

338. Бастауыш мектепте қосарланған сабақтарды өткізуге жол берілмейді. 5 – 9-сынып оқушылары үшін қосарланған сабақтар тек зертханалық, бақылау жұмыстарын, еңбек сабақтарын, мақсатты (шаңғы тебу, жүзу) дене шынықтыру сабақтарын өткізу үшін жол беріледі. 10 – 11(12)-сыныптарда қосарланған сабақтарды негізгі және салалық пәндер бойынша өткізуге жол беріледі.

339. Жалпы білім беретін ұйымдардың барлық түріндегі оқушыларға арналған сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 10 минут, үлкен үзіліс (2 немесе 3 сабақтан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына 2 және 3 сабақтан кейін әр қайсысы 20 минуттан 2 үзіліс жасауға жол беріледі. Үзілістерді қозғалыс ойындарында таза ауаны барынша көп пайдалану кезінде жүргізеді.

340. Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделеді.

341. Мектеп алды сыныптарындағы сабақтардың барынша көп рұқсат етілген саны ұзақтығы 25 – 30 минуттан төрт сабақтан аспайды. Сабақтар арасындағы үзілістер кемінде 10 минут болуы тиіс.

342. Жазғы демалыс кезінде жалпы білім беретін ұйымдар жанында дене шынықтыру-сауықтыру, оқу-тәрбиелік қызметін және балалар мен жасөспірімдердің мәдени бос уақытын өткізуді жүзеге асыратын мектеп жанындағы лагерьлерді (аландарды) ұйымдастыруға жол беріледі. Мектеп жанындағы лагерьлер жұмыс істеп тұрған кезде тамақтануды және күндізгі ұйқыны ұйымдастыруға жол беріледі. Тамақтануды ұйымдастыру кезінде осы Қағидалардың талаптары ескеріледі. Күндізгі ұйқыны ұйымдастыру кезінде 1 балаға кемінде 4 м² есебімен жатын үй-жайы бөлінеді, жеке кереуеттер (жазылатын кереуеттер) орнатылады, жеке төсек жабдықтары (жайма, жастық тыс , көрпе тыс) және кемінде 2 сүлгі (аяққа және қолға арналған) көзделеді.

343. Жалпы білім беретін және интернат ұйымдарындағы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарындағы, КББО-дағы әртүрлі еңбектің жалпы ұзақтығы аптасына екі сағаттан аспауы тиіс. Оқушылар қоғамдық пайдалы еңбекпен сабақтан тыс уақытта аптасына екі рет: 1 – 4-сынып оқушылары күніне кемінде 30 минут, 5 – 8 -сыныптар – кемінде 45 минут, 9 – 11-сыныптар – кемінде 1,5 сағат айналысуы т и і с .

344. Интернат ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, КББО-да оқушылар мынадай жұмыс түрлеріне:

1) 1 – 2-сыныптар төсек жинауға, гүлдерді суаруға; асхана, тамақ ішетін үстелді дайындау бойынша кезекшілікке;

2) 3 – 4-сыныптар 1-тармақшада көрсетілген жұмыс түріне қосымша киімнің ұсақ жөндеуге және жеке киімдерін (іш киім, шұлық, орамалдар) жууға;

3) 5 – 6-сыныптар 1 және 2-тармақшаларда көрсетілген жұмыс түрлеріне қосымша, жатын бөлмелерді жинауға, үстелді толығымен дайындауға және ы д ы с т а р д ы ж и н а у ғ а ;

4) 7 – 11 (12)-сыныптар өзіне-өзі қызмет көрсету түрлерінің барлығына және қоғамдық пайдалы еңбекке және асүй бойынша кезекшілікке жіберіледі.

345. Бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарында оқушылардың жүктемесі аптасына 36 сағаттан аспауы тиіс.

Арнайы түзету білім беру ұйымдарында тәрбиені және оқу сабақтарын ұйымдастыру осы Санитариялық қағидалардың жалпы білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарына сәйкес, сондай-ақ ұйымның ерекшелігіне және бейініне с ә й к е с к ө з д е л е д і .

346. Бір сарынды еңбек кезінде (конвейерлік өндіріс, ұсақ бұйымдарды жинау және т.б.) жұмыстың әрбір 50 минутынан кейін 10 минуттық үзіліс сақталуы тиіс ; жұмысқа дейін және әрбір 2 сағат сайын өндірістік гимнастика жүргізіледі (7 – 8 минут). Станокта жұмыс істейтін тоқыма өндірісі мамандығы үшін жұмыстың 3 – 3,5 сағатынан кейін 40 – 50 минуттық үзіліс жасалады.

347. Металлургия саласының мамандығына оқыған кезде бірінші 5 – 6 аптада жүктеме жеңілдейді және 6 сағатқа дейін тұрақты өсумен 3 сағатқа дейін жұмыс күнінің ұзақтығы қысқарады. Бір күн ішінде "ыстық" және "салқын" жұмыс түрлері кезектесуі тиіс және қолайлы микроклиматы бар үй-жайларда қосымша ү з і л і с к ө з д е л е д і .

348. Құрылыс мамандықтарына оқыған кезде кемінде 15 минут қосымша үзіліс көзделеді, түскі үзіліс кемінде 40 минут болады; ауыз су ішу тәртібі ұ й ы м д а с т ы р ы л а д ы .

349. Ауыл шаруашылығы механизаторы, құрылыс саласы жұмысына оқыған кезде машина жүргізу үшін күніне 3 сағаттан аспайтын уақыт көзделеді. Дала жұмыстарында 3-курс оқушылары үшін түскі үзіліс (практика кезінде) 35 – 45 минут, ал ыстық күндері 3 – 4 сағат көзделеді. Дала жұмыстары бір ауысымда жүргізіледі. Жұмыстың осындай түріне алдын ала немесе мерзімдік медициналық тексеруден, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы бойынша кіріспе және мерзімдік нұсқамадан өткен адамдар жіберіледі.

350. Химиялық саласының мамандығына оқыған кезде бірінші курста оқу шеберханада, зертханаларда немесе оқу ұйымының кабинеттерінде, 2 – 3-курстарда цехта немесе өндірістің жұмыс орындарында жүргізіледі.

351. Өндірістік оқуды тек бірінші ауысымда жүргізеді, оқушылардың технологиялық жабдықтарды жөндеуіне жол берілмейді. Өндірістік жағдайларда болу уақыты 4 сағаттан аспауы тиіс.

352. Мектептен тыс ұйымдарда балаларды оқыту жексенбіні және каникулды қоса алғанда аптаның кез келген күнінде жүргізіледі. Оқу күндері балалар сабағының ұзақтығы демалыс күндері кемінде 1,5 сағатты және каникул күндері 3 сағатты құрайды. Оқудың 30 – 45 минутынан кейін балалардың демалуы және бөлмені желдету үшін ұзақтығы кемінде 10 минут үзіліс жасалады.

353. Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі ғимаратында жалпы ойын аймақтары, жалпы дене дайындығына арналған, мектеп бейініне байланысты үй-жайларға қызмет көрсететін топтармен техникалық және тактикалық дайындыққа арналған спорт түрлері бойынша арнайы аймақтар, әкімшілік-шаруашылық және басқа да үй-жайлар көзделеді.

Алғашқы дайындық топтарындағы сабақтардың ұзақтығы 2 оқу сағатынан аспауы, оқу-жаттығу топтарында күніне кемінде 4 сағаттан аспауы тиіс.

Оқу күндері спорт объектілеріндегі сабақтардың ұзақтығы 1,5 сағаттан,

демалыс және каникул күндері 3 сағаттан аспауы тиіс. 30 – 45 минут сабақтан кейін балалардың демалуына және үй-жайды желдетуге арналған ұзақтығы кемінде 10 минут үзіліс жасалады. Сабақтар екі ауысыммен болған жағдайда, күннің ортасында екі ауысым арасында жинау үшін және үй-жайды желдету үшін 1 – 2 сағат үзіліс жасалады.

Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт объектілерінде алғашқы медициналық көмек көрсету үшін медициналық пункттер көзделеді. Спорт және дене шынықтыру сабақтары спорт киімінде және аяқ киімінде жарамды жабдықта жүргізілуі тиіс.

354. Мектептен тыс ұйымдарда теориялық сабақтарды ұйымдастыру үшін ауданы бір адамға кемінде $2,5 \text{ м}^2$ есебінен үй-жай бөлінеді. Музыка және би, қойылым, қуыршақ театры, дәріс және т.б. іс-шаралар орындау үшін концерт залы, екі сахналық киім (кемінде 18 м^2) бөлмесі, қосалқы (костюмдерді, декорацияларды сақтайтын) үй-жайлар жабдыкталады.

355. Жануарларға күтім жасайтын балаларға жануарларды қауіпсіз ұстау тәсілдері және алғашқы медициналық көмек туралы нұсқама жүргізіледі.

356. Объектілерде құс, аң және балық асырайтын тірі табиғат бұрышын ұйымдастырған кезде ветеринариялық ілеспе құжаты болуы қажет.

357. Мектеп оқулықтарын басып шығару осы Санитариялық қағидаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болған жағдайда баспаға жіберіледі.

358. Осы Санитариялық қағидалар жалпы білім беру түзету ұйымдарында оқитын есту, сөйлеу және көру кемшіліктері бар балаларға арналған басылымдарға қолданылмайды.

359. Оқу үдерісінде ақпараттық материалды ұсыну сипатына және көлеміне, оқу үдерісіндегі функционалдық мақсатына және оқушылардың жас санатына байланысты басылымдар осы Санитариялық қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес с ы н ы п т а л а д ы .

360. Басылымның өндірістік ерекшелігі осы Санитариялық қағидаларға сәйкес келмеген жағдайда, мектеп оқулықтарын шығару және өткізу т о қ т а т ы л а д ы .

361. Мектеп оқулықтарының басылымдарына мемлекеттік санитариялық қадағалау мына жолмен жүзеге асырылады:

1) оқулықтардың әрбір басылымына олар көптеп шығарылғанға дейін өндірістік ерекшелігінің осы Санитариялық қағидаларда көрсетілген талаптарға сәйкестігіне ішінара тексеру. Оқулық сыртының, қапсырмасының безендірілуінің негізгі элементтері, жинақталу және бекітілу әдістері (брошюралау), атауы және нөмірі, терім тығыздылығы, гарнитурасы, негізгі кәріп кегелі, мәтінде бөлінуі

с а л ы с т ы р ы л а д ы ;

2) басылған оқулықтарды іріктеп таңдау және кейін оларға санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу.

Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу схемасы осы Санитариялық қағидаларға 19-қосымшада берілген.

362. Оқулықтарды дайындауға арналған қағаз баспа мәтінінің жақсы көрінуін қамтамасыз етеді және оқулықтың санитариялық жағдайын қанағаттандырады. Шағылысу коэффициенті 70 %-дан 80 %-ға дейінгі ақ немесе сәл сары түсті қағаз п а й д а л а н ы л а д ы .

363. Қағаздың беті тегіс (машиналық тегіс қағаз үшін кемінде 30 – 40 сек және жылтыр қағаз үшін 100 – 150 сек), таза, қылшықсыз және дақсыз, біркелкі бөлінген, жылтыры елеусіз болуы тиіс.

364. Қағаз кейінгі парақтағы немесе беттің екінші жағындағы басылған мәтінді көрсетпеуі тиіс.

365. Оқулықтарды шығару үшін іріктеп алынған және арнайы дайындалған қағаз саны кемінде бір баспа парағында қара – ақ және түсті нұсқаларда жасалған таза түрінде және оған мәтін жазылған немесе сурет салынған күйінде іріктеліп г и г и е н а л ы қ б а ғ а л а н а д ы .

Зерттеу үшін қолданылатын аспаптар осы Санитариялық қағидаларға 20-қосымшада көрсетілген.

366. Мектеп оқулықтары нақты, қанық қара түсті және біркелкі басылуы тиіс.

367. Оқулықтар жеңіл оқылу талаптары мен көріп қабылдау ерекшеліктеріне жауап беретін гарнитуралармен теріледі.

368. 1-сыныпқа арналған әліппе және басқа да оқулықтар негізгі және біріктірілетін штрихтердің қалыңдығындай кішкене ғана айырмашылықпен тік ақшыл жазбамен жазылған Әліппелік немесе Журналдық ұсақ гарнитурамен т е р і п ж а з ы л а д ы .

Әліппенің барлық негізгі мәтіні (басылған) бір гарнитурамен терілуі тиіс. Әліппе ішінде кәріп суретін ауыстыруға жол берілмейді. Әліппелердегі жаңа әріптер сурет болып салынбай, 48 кегльден ұсақ емес теріліп жазылуы тиіс.

369. Оқулықтардағы негізгі мәтін тік ашық кәріппен терілуі тиіс.

370. Мәтіндегі сөз бен сөйлемді бөлу үшін жартылай майлы немесе майлы кәріппен теру ұсынылады; ақшыл немесе жартылай майлы курсивпен теруге жол беріледі. Бөлек сөздер үшін әріптерді сиректетіп теруге жол беріледі.

371. Оқулықтың тақырыбын теру үшін титулда 2,0 және одан жоғары кегельмен теру ұсынылады.

Титул мен шмуцтитулды теру үшін ірі терме кегельдік кәріптер п а й д а л а н ы л а д ы .

372. Оқулықтардағы кәріптің көлемі көріп қабылдаудың жас ерекшеліктеріне

және оқу дағдыларының даму дәрежесіне сәйкес келеді. 8 – 11 (12)-сыныптардың оқулықтарындағы негізгі кәріп кемінде 10 кегель болып көзделеді.

Әр түрлі жастағы мектеп оқушылары үшін кәріп көлемінің гигиеналық нормалары осы Санитариялық қағидаларға 21-қосымшада берілген.

373. Орта және жоғары сынып оқушыларына арналған оқулықтарда барлық қосымша мәтіндерді петитпен (кегель 8) теруге жол беріледі, тұтас мәтін 12 жолдан аспауы тиіс. Петит әдебиеттер тізімін, сілтемелерді, сөздіктерді теру кезінде шектеусіз қолданылуы мүмкін.

374. Өлеңмен жазылған мәтінді петитпен 8 – 11 (12)-сыныптарға арналған оқулықтарда төрт жолға дейін, ал 8 – 11 (12)-сыныптарға арналған оқулықтарда бір бетте 16 жолдан асырмай басуға жол беріледі. Петитпен терілген өлеңмен жазылған мәтінді бір бет ішінде кемінде екі рет қарапайым мәтінмен алмастыруға жол беріледі.

375. Сұрақ пен тапсырмаларды петитпен теру тек қана 7 – 11-сынып оқушыларына арналған оқулықтарда әр сұрақтың (тапсырманың) мәтіні екі жолдан аспайтын, ал петиттің тұтас мәтіні бір бетте 16 жолдан аспаған жағдайда жол беріледі.

376. Тақырыпта петитпен параграфтың соңын теруге жол беріледі (8 – 11 (12)-сыныптарға арналған оқулықтарда). Барлық жағдайда тақырып жаңа жолдан басталады.

377. 5-сыныпқа дейінгі карталарда (барлық түрдегі) және атластарда жазбаны теру үшін петитті пайдалануға жол берілмейді, ал одан кейінгі сыныптарға арналған карталар мен атластарда 8-ден төмен кегельді пайдалануға тыйым салынады.

378. Төменгі сынып оқушылары үшін ірі кәріпте 20, 16, 14 кегельмен терген кезде жол ұзындығы 126 – 130 мм құрайды. Жасына қарай кәріпті 12 – 10 кегельге кішірейткен кезде жолдың 98 – 113 мм болуы ұсынылады.

379. Төменгі және орта буын сынып оқушыларына арналған оқулықты безендіру кезінде екі бағанда теруге жол берілмейді.

380. Қосымша мәтінге ескертулер, түсіндірмелер, сілтемелер, сөздіктер, әртүрлі тізімдер, әр түрлі атластар мен карталардағы жазбалар және т.б. жатады.

381. Ұзақ үзбей оқуды талап етпейтін пәндер (анатомия, физиология және адам гигиенасы, география және т.б.) бойынша 8 – 11 (12)-сыныптарға арналған оқулықтарда бағандағы жол ұзындығы кемінде 63 мм және бағандардың арасындағы аралық кемінде 9 – 10 мм болған жағдайда, 10 кегельмен екі бағанда теруге жол беріледі.

Барлық оқулықтарда сөздіктер мен сілтемелерді екі бағанда теруге жол беріледі.

382. Оқулықтардың мәтінін үш бағанда теруге тыйым салынады.

383. Мәтінді оқудың жеңілдігі көбіне терім жолының анық шектейтін жиектердің бар болуымен айқындалады. Жиектер терім жолымен анық бөлінеді, ақ түсті және көлемді болады.

384. Бос орынның шекті минимумы реңді және штрихті иллюстрация үшін 12 түрлі – түстілер үшін 18 тармақты құрайды.

385. Теру тығыздығы – 1 шаршы сантиметр (бұдан әрі – см²) алаңда белгілердің саны жалпы теру сапасын айқындайды және осы Санитариялық қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес келеді.

Егер 1 см² көрінетін жол саны екіден аспаса, теру тығыздығы қанағаттанарлық деп есептеледі.

386. Тақырып пен абзацты қоспағанда, барлық жолдар бір тік деңгейден басталады.

387. Төменгі сынып оқушыларына арналған оқулықтарда бетке тасымалдау саны 3 – 4-тен аспайды.

388. Оқулықтарда иллюстрацияның түрлі-түсті болуы ұсынылады. География мен тарихқа арналған карталарды ақшыл, қанықтығы аз бояулармен бояу керек. Егер картаның мазмұны мен функционалдық құрамы талап ететін болса, ашық түсті бояумен картаның жеке элементтері боялады.

389. Оқулықтардың мұқабаларын көп ластанбайтын мықты материалдан жасау көзделеді.

390. 12-ге дейінгі көлемдегі парағы бар оқулықтар, оқу құралдары және дидактикалық материалдар үшін (бастауыш сыныптардан басқа) мұқаба ретінде полимерлі жабындысы бар қағаз немесе матасыз негіздегі қапсырма материалын пайдалану ұсынылады, ал 6 беттен аспайтын құралдар үшін мұқабалық қағазды пайдалануға жол беріледі.

391 Қатты қаптамада шығарылатын оқулықтар дәкедегі жіппен бекітіледі немесе жіпсіз дәкені түбірге желімдеу арқылы бекітіледі. Жіппен тігілген блок түбірін материалды 20 мм блок форзацына шығарып, тегіс жиектеу ұсынылады; жіпсіз жалғауға және сыммен жалғауға жол берілмейді.

392 Мұқабада шығарылатын оқулықтар дәкесіз жіппен тігіледі, бетбелгі қойылады; түбірге қосымша желімдеу ұсынылады; блоктарын тігу кезінде дәптер түрінде желімдеуге жол беріледі.

393 1 – 4 сынып оқушыларына арналған бір басылымның салмағы 200 граммнан (бұдан әрі – г); 5 – 6-сынып үшін 300 г; 7 – 9-сынып үшін 400г; 10 – 11-сынып үшін 500г аспайды. Оқу басылымының салмағының 5%-ға өсуіне жол берілмейді.

394 Жазу құралдары жиынтығымен бірге бір оқу күнінде оқушыларға арналған оқулықтардың салмағы (иыққа асатын сөмкенің немесе портфельдің

салмағынсыз) мынадан аспауы тиіс: 1 – 3-сынаптар үшін 1,5–тен 2,0 кг дейін; 4 – 5-сыныптар үшін 2,0–ден 2,5 кг дейін; 6 – 7-сыныптар үшін 3,0-ден 3,5 кг дейін; 8 – 9-сыныптар үшін 4,0-ден 4,5 кг дейін.

11. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріндегі медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

395 Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінде балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету ұйымдастырылуы т и і с .

Медицина қызметкері болмаған кезде медициналық қамтамасыз етуді аумақтық алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымы жүзеге асырады.

396 Изолятор палаталары өту жолы болмауы, олардың арасында 1,2 м биіктікте әйнектелген қалқа құрылғысы арқылы медициналық кабинетпен жа п с а р л а с о р н а л а с у ы т и і с .

397 Жабық үлгідегі интернат ұйымдарына, балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және білім беру объектілеріне, КББО-на және сәбилер үйлеріне жаңа түскен балалар үшін ойын бөлмесінде бір сәбиге ауданы 2,5 м², жатын бөлмесі – 1,8 м², дәретхана – 0,8 м² болатын карантиндік бөлімше көзделуі тиіс.

398 Бейімделген, ішіне-жапсарлас салынған ғимараттарда, көп пәтерлі тұрғын үйдің 1-ші қабатында, жеке үй иелігінде орналасқан ұйымның медициналық бөлмелерінің жиынтығы мен ауданы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісіледі.

399. Жалпы білім беру және интернат ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, КББО-да медициналық пункттің үй-жайларының ең аз жиыны ауданы кемінде 18 м² дәрігер бөлмесі, ауданы кемінде 14 м² емшара бөлмесі, интернат ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, КББО үшін қосымша ауданы кемінде 6 м² болатын изолятор көзделеді.

400. Балалар мен жасөспірімдер аз уақыт болатын білім беру мекемелерінде, сондай ақ мектептен тыс білім беру ұйымдарында медициналық кабинет көздемеуге жол беріледі.

401. Емшара бөлмесінде алдын алу екпесін жүргізуге жол беріледі. Медициналық емшара және алдын алу екпелерін бір мезгілде өткізуге рұқсат е т і л м е й д і .

402. Селолық елді мекендердегі медициналық пункттің қажетті үй-жайлар

жиыны болмаған кезде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісімі бойынша ауданы кемінде 12 м² болатын бөлме жабдықталады.

403. ТКБ, ЖОО-да медициналық үй-жайларды жатақханалар мен оқу корпустары жанында орналастырады, мұнда әрқайсының ауданы кемінде 18 м² болатын дәрігер, емшара кабинеті көзделеді. Жатақханаларда изолятор көзделеді.

Күндізгі бөлімдегі студенттердің саны 3000-нан асатын оқу орындарында студенттік профилакторий ұйымдастырылады.

404. Дене бітімі және ақыл-ойы дамымаған балаларға арналған арнайы білім беретін ұйымдардағы медициналық үй-жайлар оқшауланған блогта, бірінші қабатта орналастырылады. Дәрігерлік және емшара кабинеттері бейіні бойынша қолданыстағы талаптарға сәйкес көзделеді.

405. Арнайы жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде барлық балаларға арналған физиотерапиялық және көру кемшіліктері мен тірек-қозғалыс жүйесі бұзылған балаларға арналған сумен емдеу бөлмелері; емдік дене шынықтыру бөлмелері немесе залдары; логопед кабинеті көзделеді.

406. Арнайы білім беру ұйымдарында тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалар үшін емдік дене шынықтыру дәрігері, невропотолог, ортопед, протездеу, гипстеу бөлмесі, протездерді және аяқ киімдерді жөндеу шеберханасы, еңбек терапиясы бөлмесі, парафинмен емдеу, озокерит және гидротерапия бөлмелері к о з д е л е д і .

407. Ақыл-ойы дамымаған балаларға арналған ұйымдарда психиатр бөлмелері; есту қабілеті нашар балаларға арналған, сөйлеу мәнері бұзылған балаларға арналған аудиометриялық кабинасы бар отоларинголог бөлмесі, естуді жақсарту және сөйлеуді қалыптастыру бойынша жеке жұмыс жасауға арналған б о л м е л е р к о з д е л е д і .

408. Көру кемшіліктері бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарында көздің көруін жақсартатын және қалған көзді қорғайтын оптикалық құралдары бар офтальмологиялық бөлмелер көзделеді.

409. Медициналық кабинеттердің жабдықталуы осы Санитариялық қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес қабылданады.

410. Аурудың созылмалы түрі, қатер факторлары, сондай-ақ профилактикалық медициналық тексерулер кезінде анықталған және жекелеген жіті аурулармен ауырған оқушылар диспансерлік есепке алынады және кейіннен сауықтыру арқылы бақылауға алынады.

411. Емдеу-профилактикалық және сауықтыру іс-шараларын ұйымның медицина қызметкері жүргізеді. Балалардың әрбір жас тобы үшін балалардың сырқаттанушылығын төмендетуге және денсаулықтарын нығайтуға бағытталған

кешенді сауықтыру іс-шаралар жоспары жасалады.

412. Мектептен тыс ұйымдардан басқа объектілерде балалар мен жасөспірімдерге профилактикалық медициналық тексерулер өткізіледі. Объектілердің балалары, жасөспірімдері және персоналы профилактикалық е г у л е р а л у ы т и і с .

413. Объектілердің медицина қызметкерлері мен әкімшілігі:

1) оқушылар мен тәрбиеленушілердің сырқаттанушылығының статистикалық е с е б і н ж ү р г і з е д і ;

2) балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау және жақсарту, олардың арасында сырқаттанушылықты төмендету бойынша іс-шараларды жыл с а й ы н ж о с п а р л а й д ы ;

3) созылмалы ауруы бар балаларды уақтылы диспансерлеуді ұйымдастырады ж ә н е б а қ ы л а й д ы ;

4) тереңдетілген медициналық тексеру нәтижесі бойынша динамикалық бақылау, дене бітімінің даму деңгейін, дене шынықтыру сабақтары үшін медициналық т о п т а р д ы а й қ ы н д а й д ы ;

5) емдеу-сауықтыру жұмысын жүргізеді (оның ішінде балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайын жүйелі түрде бақылау, күнсайын амбулаториялық қабылдау, шынықтырудан және сауықтырудан өту т.б.);

6) жыл сайын сырқаттанушылыққа талдау жүргізеді (МДТОҰ, интернат ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, КББО, сәбилер үйлерінде – тоқсан сайын) және оқушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы, ұйымдағы санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз ету мәселелерін іс-шаралар жоспарын бекіте отырып, педагогикалық кеңес және ректораттар о т ы р ы с т а р ы н а ш ы ғ а р а д ы ;

7) ұйым қызметкерлерінің профилактикалық медициналық тексеруден уақтылы өтуін бақылауды және осы Санитариялық қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес журналға тіркей отырып, ас блогы қызметкерлерінің денсаулығына күнсайын б а қ ы л а у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

8) тиісті аумақтағы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға сырқаттанушылық, профилактикалық медициналық тексеруді өткізу, денсаулық жағдайы бойынша оқушыларды (тәрбиеленушілерді) бөлу (денсаулық тобы), дене тәрбиесі топтары, диспансерлік бақылау және жүргізілген сауықтыру бойынша есептерді жыл сайын ж ә н е с ұ р а т у ғ а б а й л а н ы с т ы ұ с ы н а д ы ;

9) балалардың тамақтануының ұйымдастырылуын бақылауды жүзеге асырады: келіп түскен тағам өнімдерінің сапасы, оларды сақтау мерзімдері мен жағдайлары, дайындалу технологиясы, дайын тағамның сапасы, ас блогының

ұсталуы. Балалар тәулік бойы болатын ұйымдарда (сәбилер үйі, интернат ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, КББО) ай сайын онкүндікте тамақтануға және кейіннен түзете отырып, жекелеген өнімдер бойынша тәуліктік нормалардың орындалуына талдау жүргізуі тиіс;

10) балалар мен жасөспірімдердің жеке гигиена ережесін сақтай отырып, дене тәрбиесіне жүйелі бақылауды жүзеге асырады.

414. Білім беру ұйымдарына түсетін балалар мен жасөспірімдер медициналық тексеруден өтеді.

415. Медициналық кабинеттерде жабдықтар мен мүкәммалды санитариялық-дезинфекциялық өңдеу өткізеді.

416. Балалар немесе персонал арасында инфекциялық аурулар тіркелген жағдайда, ұйым басшылығы, оның қызметкерлері және медицина қызметкерлері эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізеді.

417. Ұйымда осы Санитариялық қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес есепке алу-есеп беру құжаттамасы жүргізіледі.

418. Ұйымның персоналы медициналық тексеруден және гигиеналық оқудан өтеді. Жеке медициналық кітапшасы жоқ және жұмысқа рұқсат белгісі қойылмаған адамдарды жұмысқа қабылдауға жол берілмейді.

"Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 1-қосымша

Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінде жүргізілетін зертханалық құрал-саймандық зерттеулер

Зерттеу түрлері	Зерттеудің кезеңділігі	Өлшеу немесе сынама алу орны
1	2	3
1. Микроклиматты зерттеу		
Температура, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы	3 жылда 1 рет (жылыту кезеңінде) және көрсеткіштер бойынша	Қабылдау бөлмелері, топтық, жатын, үй-жайлары, шеберханалар, спорт және музыка залдары, медициналық кабинеттер демалуға және ұйықтауға арналған үй-жайлар
2. Ауа ортасын зерттеу		
Сынап буының болуы	3 жылда 1 рет және көрсеткіштер бойынша	медициналық кабинеттер

Көміртегі тотығының болуы	Пешпен және дербес жылытылатын ұйымдарда – жылыту кезеңінде 1 рет	Топтық бөлмелер, оқу үй-жайла зертханалар, спорттық залдар, дема және ұйықтауға арналған үй-жайлар
Құрылыс және әрлеу материалдары токсикологиялық және радиологиялық зерттеулер	Алдын ала санитариялық қадағалау тәртібімен және көрсеткіштер бойынша	Салынып жатқан, қайта құрылып жа объектілерде, күрделі жөндеу жұмыст жүргізу және пайдалануға беру кезінде
Желдетудің тиімділігін зерттеу	Көрсеткіштер бойынша	зертханалар, химия кабинеті, спорт залдар, шеберханалар
3. Өнімдерді, дайын тағамдарды және тамақтану рациондарын зерттеу		
Негізгі қоректену заттарының болуы және тағамның құндылығы (түскі ас)	МДТОҰ, балалар тәулік бойы болатын ұйымдар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар – 3 жылда кемінде 1 рет және көрсеткіштер бойынша	Тарату желісінен, тамақтану үстелі сынама алу
Термиялық өңдеудің тиімділігі	Көрсеткіштер бойынша	Еттен және балықтан жасалған тағамд тарату желісінен, тамақтану үстелі сынама алу
Тағам сапасының бактериологиялық көрсеткіші	Әр тексеріс кезінде	Тағамхана, тарату желісінен, тамақ үстелінен сынама алу
Ө н і м д е р д і санитариялық-химиялық көрсеткіштірге, пестицидтердің қалдық санына, йодталу сапасына	Көрсеткіштер бойынша Көрсеткіштер бойынша және 2 жылда 1 рет	Ұйымдардың ас блоктары
4. Суды зерттеу		
Су құбырлары жүйесінің суы (бактериологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткіштер)	Алдын ала санитариялық қадағалау тәртібімен (құрылыс аяқталғанда, қайта жаңартудан кейін, жөндеу жұмыстардан кейін, апатты жағдайлары жойылғанда, пайдалануға беру кезінде) және ағымдағы санитариялық қадағалау тәртібімен (көрсеткіштер бойынша) Маусым басталу алдында сауықтыру (маусымдық) ұйымдарында	Су тарату крандары, ғимаратқа – суды және шығу орындары, бөлек ғимаратт орналасқан тағамханаларда
Ыдыстарға құйылған ауыз су (шөлмектердегі суды қоспағанда)	3 жылда 1 рет және көрсеткіштер бойынша	МДТОҰ-дағы, балалар үйлері, интерн және жалпы білім беретін ұйымдар
Құдықтардан, каптаждардан, ұңғымалардан, қоғамдық пайдалану бұлақтарынан алынған су (санитариялық-химиялық және бактериологиялық, паразитологиялық және радиологиялық зерттеулер)	Жаңа оқу жылының алдында 1 рет, көрсеткіштер бойынша	Құдықтар, каптаждар, ұңғымалар, бұла және су тарату крандары
Шомылуға арналған ашық су қоймаларындағы су (бактериологиялық, паразитологиялық, радиологиялық зерттеулер)	Шомылу маусымы басталар алдында және көрсеткіштер бойынша	Балалар мен жасөспірімдерге арнал шомылатын орындар

Жабық жүзу бассейндерінен және ваннадан алынған су (бактериологиялық, санитариялық-химиялық, паразитологиялық зерттеулер)	Жылына кемінде 2 рет және көрсеткіштер бойынша	Екі нүктеде – бассейн ваннасының терең және терең бөліктерінен судың бетіне 30 см тереңдікте
5. Топырақты зерттеу		
Санитариялық-микробиологиялық және паразитологиялық (гельминттерге) зерттеулер	Жылына 1 рет	МДТОҰ-дағы, балалар үйіндегі құмды
Топырақты радиологиялық зерттеулерге	Құрылысқа жер учаскесін бөлу кезінде	Жер учаскесі
6. Жиһаздарды және жабдықтарды зерттеу		
Жиһаздардың өлшемі балалар мен жасөспірімдердің жасы мен бойына сәйкестігі	3 жылда 1 рет және көрсеткіштер бойынша	МДТОҰ-дағы, балалар үйлері, интерн., жалпы білім, орта және жоғары орындары
7. Балалар тауарлары түрлерін сараптау		
Баспасөз басылымдарының санитариялық талаптарға сәйкестігі	Жаппай шығаруға дейін алдын ала қадағалау тәртібімен үлгілерді іріктеп алу; одан әрі - көрсеткіштер бойынша	дайындаушы кәсіпорындарда білім ұйымдарында
Балалар тауарларының түрлері (киім, аяқ киім, ойыншықтар косметикалық құралдар және т.б.)	Жаппай шығаруға дейін алдын ала қадағалау тәртібімен үлгілерді іріктеп алу; және ағымдағы қадағалау тәртібімен (әр тексеріс кезінде)	Дайындаушы кәсіпорындар Көтерме және бөлшек сауда орындары
8. Ұйымдардың санитариялық жағдайын бағалау кезіндегі санитариялық-бактериологиялық көрсеткіштер		
Сыртқы ортадан алынған шайындыларды бактериологиялық зерттеу	Әр тексеріс кезінде	Ас блоктарындағы жабдық, бөлшеп үстелдері, мүкәммал, ас үстелде персоналдың қолы мен киімдері және балалар үйлеріндегі, МДТОҰ-да ойыншықтар, көрнекі құралдар, тамақ үстелдері, орау үстелдері, ыды персоналдың қолымен арнайы киімдер
Шайындыларды паразитологиялық зерттеу	жылына 1 рет және көрсеткіштер бойынша	МДТОҰ-дағы, балалар үйлерінде интернаттардағы ойыншықтар мен көп құралдар, төсек әбзелдері мен сүл спорт залдарының, спорт мектептер спорт жабдықтары
9. Оқыту жағдайларын зерттеу		
Электромагниттік және электростатикалық өрістердің кернеулігі	Пайдалануға беру кезінде, жабдықтарды ауыстырғанда, одан әрі әрі 3 жылда 1 рет және көрсеткіштер бойынша	Компьютер сыныптарында және мультимедиялық кабинеттерде, компьютермен жеке оқыту бөлмеле компьютерлік және интернет клубтар
Жасанды жарықтандыру деңгейі	3 жылда 1 рет және көрсеткіштер бойынша	Топтық ұяшық үй-жайлары, о үй-жайлары, зертханалар, шеберх. бөлмелері, өзін-өзі дайындау бөлм. рекреацияның оқу залы

Шу, діріл	Пайдалануға беру кезінде және көрсеткіштер бойынша	Ас блогы, шеберханалар, жабдықтау іргелес тұрған үй-жайлар, дерб компьютерді және бейне термина пайдаланатын үй-жай
-----------	--	---

"Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 2-қосымша

Тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары учаскелерінің құрамы мен ауданы

Тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары, өлшем бірліктері	Жер учаскелерінің өлшемі	Ескертпе
Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру ұйымдары, орын ¹⁾	¹⁾ МДТОҰ-ның сыйымдылығында, 1 орынға м ² : 100 орынға дейін - 40, 100-ден жоғары - 35; 500-ден жоғары орын - 30. Жер учаскелерінің өлшемі азайтылуы мүмкін: реконструкциялау жағдайында - 25%, 20%-дан астам еңіспен бедерлі орналасқан жағдайда - 15%, жаңа құрылыс – елді мекендерінде-10% (көгалдандыру ауданын қысқарту есебінен)	Сәби жастағы балаларға арналған топтық алаң 1 орынға 7,5 м ² қабылданады. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған ойын алаңын жалпы типтегі МДБТОҰ учаскесінің шегінен тыс орналастыруға жол беріледі.
Жалпы білім беру мектептері, оқушылар ¹⁾	¹⁾ оқушылардың сыйымдылығы 25-тен 300-ге дейін болғанда 1 оқушыға 72 м ² ; 300-ден 600-ге дейін болғанда 1 оқушыға 52 м ² ; 600-ден 900-ге дейін болғанда 1 оқушыға 39 м ² ; 900-ден 1200-ге дейін болғанда 1 оқушыға 33 м ² ;	Мектептің жер учаскелерінің өлшемі мынадай болуы мүмкін: қайта жаңарту жағдайында 20%-ға азайтылады; көбейтіледі: 30%-ға – селолық елді мекендерде, егер оқу-тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыруға басқа жерлерді арнайы учаскелер көзделмесе (шаруашылық оқталары). Мектептің спорттық аймағы шағын ауданның дене шынықтыру – сауықтыру кешенімен біріктірілуі мүмкін
Мектеп-интернаттар, оқушылар	Жалпы білім беру мектеп-интернаттарының сыйымдылығы жағдайында, оқушылар: 200-ден жоғары 300-ге дейін – 1 оқушыға 70 м ² ; 300 – 500 - 65 м ² ; 500 және жоғары - 45 м ²	Интернат ғимаратын (жатын корпусы) мектептің жер учаскесіне орналастырған кезінде жер учаскесін 0,2 га кеңейту қажет.
Мектептен тыс мекемелер, орны	Жобалауға тапсырма бойынша	
		Жер учаскесінің өлшемдері азайтылуы мүмкін реконструкциялау жағдайында 50%-ға, гуманитарлық сала ұйымдарына 30%-ға

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдары, оқушылар	Кәсіптік-техникалық училище және орта арнаулы оқу орындары сыйымдылығы жағдайында, оқушылар: 300-ге дейін - 1 оқушыға 75 м ² 300 – 900 - 50-65 м ² 900 - 1600 - 30-40 м ²	үлкейтіледі: ауылдық елді мекендердегі ауы шаруашылығы саласы ұйымдары үшін 50 Ұйымдарды кооперацияға бірлестіру және орталықтарын құруда жер учаскелерінің өлшемін оқу орталықтарының сыйымдылығына байланысты азайту ұсынылады, оқушылар 1500-ден 2000-ге дейін - 10%-і 2000-нан 3000-ға дейін - 20' 3000 және одан жоғары -30' Тұрғын үй, оқыту және қосалқы шаруашылықтар, полигондар, автотрактородромдардың өлшемдері көрсетілген өлшемге кірмейді
Жоғарғы оқу орындары, студенттер	Жоғарғы оқу орындарының аймақтары (оқу аймағы) 1 мың студентке га: университеттер, техникалық ЖОО - 4-7; ауылшаруашылық — 5-7; медициналық, фармацевтикалық — 3-5; экономикалық, педагогикалық, мәдениет, өнер, сәулет — 2-4; біліктілікті арттыру институты және сырттай ЖОО — олардың бейініне сәйкес коэффициентпен — 0,5; мамандандырылған аймақ – жобалауға тапсырма бойынша; спорттық аймақ — 1-2; студенттік жатақхана аймағы — 1,5-3. Дене шынықтыру ЖОО жобалауға тапсырма бойынша жобаланады	ЖОО-ның жер учаскесінің өлшемі қайт: жаңарту жағдайында 40%-ға азайтылуы мүмкін. Бірнеше жоғарғы оқу орындарының жиынты аумағын бір учаскеге кооперацияға бірлестірі жағдайында оқу орнының жер учаскесін 20' ға қысқарту ұсынылады.
Балалар үйлері - интернаттар, 1 мың адамға орын (4-тен 17 жасқа дейін)	Жобалауға тапсырма бойынша.	
Мектепке дейінгі ұйымдардың саябағы, орны		

Ескертпе: 1) қалаларда мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттары және мектептен тыс мекемелер көліктік қолжетімділігі 30 минуттан аспайтын қоныстану аумағында орналастырылады. Ауылдық елді мекендерде мектептен тыс мекемелері үшін орындарды жалпы білім беретін мектептердің ғимаратында көздеу ұсынылады.

" Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар " санитариялық қағидаларына 3-қосымша

**Әртүрлі үлгідегі арнайы мектеп- интернаттардың
учаскесінің және алаңдарының аймағындағы элементтердің
құрамы мен шаршы метрге шаққандағы ауданы (бұдан әрі- м²)
Үйлер мен интернаттарға арналған учаскелер**

Учаскенің ауданын 1, 2 және 3-кестелерде келтірілген, ұсынылған көрсеткіштерді есепке ала отырып жобалауға берілген тапсырмамен айқындау керек .

Жер учаскесінің ауданы мекеменің бейініне байланысты 2,2-2,5 гектардан кем болмауы тиіс .

Учаске құрылысының тығыздығы 20 пайыздан (бұдан әрі - %) аспауы тиіс.

**Мамандандырылған балалар мекемелеріндегі жер
учаскелерінің ауданы**

1-кесте

Параллелді сыныптар саны	Арнайы мектептер-интернаттардағы балалар үшін жер учаскелерінің ауданы 1 тәрбиеленушіге кемінд м ²			
	Керендер үшін	Соқырлар үшін	Ақыл-есі дамымай қалғандар үшін	Полиомиелиттен және цецебральді сал ауруларының ауыр салдарынан кейін сүйек-бұлшықет жүйесі бұзылғандар үшін
1	2	3	4	5
1	200	205	225	180
2	160	160	180	140

Ескертпе: тығыз аумақтарда учаске алаңы 15-20 %-ға қысқартылуы мүмкін

**Ақыл-есі дамымай қалған балаларға арналған
үй-интернаттардың жер учаскелерінің ауданы**

2-кесте

Жер учаскесінің ауданы 1 тәрбиеленушіге кемінде, м ²					
Оқытылатын балалар үшін			Оқытылмайтын балалар үшін		
өздігінен алатындар	қозғала	өздігінен алмайтындар	қозғала	өздігінен алатындар	өздігінен алмайтындар
1		2		3	4
100		120		80	50

Қызмет көрсету аймағы

Аумақтың құрамында мынадай қызметтік аймақтар көзделуі тиіс:

- 1) ойын алаңдары, көлеңкелі калқалар, спорттық алаңдары орналасқан

балалардың тұру және оқу аймағы;

2) қоқыс жинағышы мен өрт посты бар асүйінде орналасқан қызмет көрсету аймағы;

3) оқшаулау, қабылдау және карантиндік бөлім аймақтары;

4) бақша, жидек бұталары өсетін жер аймақтары;

5) ата-аналардың балалармен кездесу алаңы;

6) ғимаратқа байланысты жобалануда гараж, қазандық, кір жуу орыны, қоймалар, шеберханалар, көкөністерді сақтауға арналған үй-жайлар және т.б.

болатын шаруашылық аймағы;

7) қызмет көрсететін персоналдың тұратын аймағы

Ескерту:

1. Оқытылмайтын балалар үшін ойын алаңдары, көлеңкелі калқалар, спорттық алаңдары орналасқан ойын алаңдары қарастырылмайды.

2. Қызмет көрсететін персоналдың тұратын аймағы тек үй-интернаттар қаладан тыс орналасқан жағдайда көзделеді.

3. Тығыздалған аумақтарда шаруашылық, инженерлік және қосалқы үй-жайларын орналастыру үшін жер асты кеңістігін, соның ішінде қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарын орындаған жағдайда мекемелердің ғимараттарының астын қолдану ұсынылады.

Жер учаскелерінің ауданы

3-кесте

Мекеменің, орындардың сыйымдылығы	Аймақтың 1 орынға арналған ауданы, м ²	
	Персоналды аймағы	Персоналдың тұратын аймағы
1	2	3
100-150	12-15	10-15
151-300	9-12	9-12
300-ден астам	9 және одан кем	9 және одан кем

"Балалар мен жасөспірімдерді

тәрбиелеу мен білім беру

объектілеріне қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық

талаптар" санитариялық

қағидаларына 4-қосымша

Сәбилер үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, МДТОҰ-ның үй-жайлары ауданы

1-кесте

Үй-жайлардың атауы	Балалардың жасына қарай ауданы:				
	0-1 жас		1 – 2 жас		2 – 3 жас
Топтық бөліктері					
Киім ауыстыратын бөлме	18		18		18
Киім кептіретін бөлме	4		4		4
Ата-аналармен кездесетін бөлме	6		8		8
Логопед кабинеті	-		9		9
Ойын бөлмесі	30		40		40
Жатын бөлмесі	24		37		37
Күндіз ұйықтауға арналған веранда	24		30		30
Массаж бөлмесі	6		-		-
Қолжуғышы және себезгі бөлмесі бар дәретхана	9		9		9
Ванна-себезгі бөлмесі	4		4		4
Оқу-тұрмыстық бөлмелері	Жобалық қуат бойынша үй-жай аудандары				
	50	95	140	190	280
Меңгерушінің кабинеті	10	10	10	9	-
Шаруашылық меңгерушісінің бөлмесі	-	-	-	6	-
Персоналдың бөлмесі	-	8	6	10	12
Шаруашылық қоймасы	4	5	5	8	12
Таза төсек жабдықтарының қоймасы	4	6	6	8	10
Кастелянша бөлмесі	-	-	-	-	6
Себізгі бөлмесі	-	2	2	2	2
Персоналға арналған дәретхана	3	3	3	3	6
					2x3
Барлығы:	21	34	46	58	61
Ас блогы (шикізат)	Жобалық қуаты бойынша үй-жайлардың аудандары				
	50	95	140	190	280
Тарату бөлмесі бар асүй	15	23	23	28	30
Дайындау цехы	6	8	8	12	14
Асүй ыдыстарын жуу бөлмесі	4	4	4	5	6
Салқындату камерасы	-	-	-	-	9
Құрғақ азық-түлік қоймасы	7	8	8	11	6
Көкөністер қоймасы	4	4	4	5	8
Тиеу бөлмесі	-	4	4	5	6

Кір жуатын орынның құрамы мен ауданы

2-кесте

Тұрмыстық үй-жайлар	Топ/орын санына қарай үй-жай ауданы, шаршы метрмен (бұдан әрі -м ²)				
	2/50	4/95	6/140	7/190	12/280
Кір жуу бөлмесі	12	14	14	16	16
Үтіктеу бөлмесі	-	10	10	12	12
Барлығы:	12	24	24	28	28

Сәбилер үйінің медициналық үй-жайларының құрамы мен ауданы

3-кесте

Үй-жай атауы	Нормаланатын аудан м ²
Дәрігер кабинеті	8
Аға мейірбике бөлмесі	10
Кезекші мейірбике бөлмесі	6
Стерилдеу бөлмесі бар емшара кабинеті	18
физиотерапия кабинеті	24
Логопед кабинеті	10
Изолятор	

Мектепке дейінгі тәрбиелеу ұйымдарының топтық бөліктері үй-жайларының аудандары:

- 1) киім ауыстыратын орын (қабылдау бөлмесі) – жалпы типтегі МДТОҰ-ның барлық типтері үшін ауданы кемінде 18 м², шағын МДТОҰ үшін ауданы кемінде 15 м²
- 2) топ бөлмесі (ойын бөлмесі) – жалпы типтегі МДТОҰ үшін ауданы кемінде 50 м², мектепке дейінгі тәрбиелеу орталықтары үшін - 1 балаға кемінде 2,5 м² есебімен сәби топтары үшін, мектепке дейінгі топтарда ауданы кемінде 2,0 м²;
- 3) буфет бөлмесі – барлық типтегі МДТОҰ-ы үшін ауданы кемінде 3,8 м²;
- 4) жатын бөлмесі – жалпы типтегі МДТОҰ үшін ауданы кемінде 50 м²; мектепке дейінгі тәрбиелеу орталықтары үшін - 1 балаға кемінде 1,8 м² есебімен сәби топтары үшін, мектепке дейінгі топтар үшін – кемінде 2,0 м².
- 5) дәретхана – барлық типтегі МДТОҰ -ы үшін ауданы кемінде 16 м, мектепке дейінгі тәрбиелеу орталықтары үшін - 1 балаға кемінде 0,8м² есебімен, бірақ жалпы ауданы кемінде 12 м².

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдары ғимараттары үй-жайларының құрамы және ауданы

4-кесте

	Жобалық қуаты м ² болғанда үй-жай ауданы
--	---

Үй-жайдың атауы	50	95	140	190	280
1	2	3	4	5	6
Медициналық үй-жайлар					
медицина кабинеті	6	8	8	8	10
ем-шара кабинеті	-	-	-	8	8
изоляцияр: қабылдау бөлмесі	2	2	2	4	6
палата	6	6	6	6	12
дәретхана	2	2	2	2	4
Дезинфекциялау құралдарын дайындауға арналған үй-жай	-	2	2	2	2
физиотерапия кабинеті	-	12	12	12	12
түзету бөлмесі	-	16	16	16	16
Ас блогының үй-жайлары					
тарату бөлмесі бар асүй	15	23	23	28	30
дайындау цехы	6	8	8	12	14
асүй ыдыстарын жуу бөлмесі	4	4	4	5	6
салқындату камерасы	-	-	-	-	9
құрғақ азық-түлік қоймасы	7	8	8	11	6
көкөністер қоймасы	4	4	4	5	8
тиеу бөлмесі	-	4	4	5	6
Кір жуатын орын					
кір жуу бөлмесі	12	14	14	16	16
үтіктеу бөлмесі	-	10	10	12	12
Қызметтік - тұрмыстық үй-жайлар					
менгерушінің кабинеті	10	10	10	9	9
шаруашылық жүргізу менгерушісінің кабинеті	-	-	-	6	6
персоналдың бөлмесі	-	8	8	10	12
шаруашылық қоймасы	4	5	5	8	12
таза төсек әбзелдерінің қоймасы	4	6	6	8	10
кастелянша бөлмесі	-	-	-	-	6
себезгі бөлмесі	-	2	2	2	2
персоналға арналған дәретхана	3	3	3	3	6
әдістемелік кабинеті	8	10	10	15	15
психологтың кабинеті	6	8	8	8	10

60-45° солтүстік ендіктегі аудандар үшін топтар, ойын, жатын бөлмелердің, залдардың, изолятор палаталарының, асүй терезелерін 200-275° және 45° оңтүстік ендіктегі аудандар үшін 90-290° азимутқа бағыттағанда күннен қорғаныш құрылғыларын пайдалану қажет. Күннен қорғаныш құралдары ретінде жалюздер, күнқағарлар, жарық өткізетін және жарық сейілдіретін қасиеті бар мақта-матадан жасалған перделер ұсынылады.

"Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 5-қосымша

Сәбилер үйлерінің тәрбиеленушілері, МДБТҰ, жалпы білім беретін және интернат ұйымдары мен ТКБ-ның оқушылары үшін жиһаздың негізгі өлшемдері

Сәбилер үйлері үшін жиһаздың таңбалары мен өлшемдері

1-кесте

Жиһаздар тобы	Таңбалау түсі	Балалар бойының тобы, см	Үстелдің биіктігі, см	Орындық отырғышының биіктігі, см	Балалар бойының тобына байланысты жасы
1	2	3	4	5	6
А	Ақ	80-ге дейін	34	17	7 айдан-1 ж. 8 айға дейін
Б	Жасыл	80-90	38	20	1 ж.6 айдан-2 ж. 8 айға дейін
В	Көгілдір	90-100	43	24	2 жас

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған жиһаздың таңбалары мен өлшемдері

2-кесте

Жиһаздар тобы	Таңбалау түсі	Балалар бойының тобы, см	Үстелдің биіктігі, см	Орындық отырғышының биіктігі, см
1	2	3	4	5
А	Ақ	80-ге дейін	34	17
Б	Жасыл	80-90	35	20
В	Көгілдір	90-100	43	24
Г	Қызыл сары	100-115	48	28
Д	Сары	115-130	54	32
Ж	Қызыл	130-дан жоғары	60	36

Жалпы білім беретін ұйымдардың, ТКБ-ның жиһазының өлшемдері мен таңбалары

3-кесте

№	Жиһаздың нөмірі	Оқушылар бойының тобы (миллиметрмен)	Оқушыға қараған үстел жиегінің еденнен биіктігі	Таңбаның түсі	Орындықтың алдыңғы жиегінің еденнен биіктігі
1	2	3	4	5	6
1	1	1000 – 1150	460	Қызғылт сары	260
2	2	1150 – 1300	520	Күлгін	300
3	3	1300 – 1450	580	Сары	340
4	4	1450– 1600	640	Қызыл	380
5	5	1600 – 1750	700	Жасыл	420
6	6	1750 артық	760	Көгілдір	460

"Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына б-қосымша

Объектілердің түріне және бейініне байланысты мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарының санитариялық аспаптарының саны мен өлшемі

1-кесте

Үй-жайлар	Қолжуғыштар		Унитаздар	
	дәретхана краны бар балаларға арналған	араластырғышы бар ересектерге арналған	балаларға арналған	ересектерге арналған
1	2	3	4	5
Буфет бөлмесі	-	-	-	-
3 жасқа дейінгі балалар тобының дәретхасы	3	1	3	-
3-6 (7) жастағы балалар тобының дәретхасы	3	-	3	1
Дене шынықтыру залының жанындағы себезгі бөлмесі	-	-	-	
медицина бөлмесі	-	1	-	
Емшара кабинеті		1		
изоляциярдың палатасы	1	-	-	
изоляциярдың дәретханасы	-	1	1	-

персоналдың дәретханасы	-	1	-	1
Әйелдердің жеке гигиена бөлмесі	-	1	-	биде
Персоналдың себезгі бөлмесі	1	-	1	-
Учаскеден сырттан кіру есігінің жанындағы балаларға арналған дәретхана				
Кіші кір жуу орнына арналған үй-жай (шағын МДТОҰ-да)				

кестенің жалғасы

Араластырғышы бар су ағызғыш (видуар)	Су тарату краны	Құрама араластырғышы бар ванна	Иілгіш шлангідегі себезгі торы бар табандық	Араластырғышы бар екі камералық жуғыш	Бір рет қолданылатын сүлгілер, электрлі сүлгі
6	7	8	9	10	11
-	-	-	-	1	-
-	-	-	1 терең	-	1
-	-	-	1 таяз	-	1
-	-	-	2		
	-	-	-		
	-	-	-		
1	-	-	1	-	1
-	-	-	-	-	-
-	-	-	1	-	-
		1	-		

Жалпы білім беретін ұйымдар үшін санитариялық құралдардың қажеттілігі

2-кесте

р/с №	Үй-жай	Өлшем бірлігі	Ауданы, м ²	Санитариялық құралдардың есепті саны
1	2	3	4	5
1	Оқушыларға арналған қолжуғыштар және дәретханалар:			20 қызға 1 унитаз, 30 қызға 1 қолжуғыш

	қыздарға ұлдарға	бір оқушы бір оқушы	0,15 0,15	30 ұлға 1 унитаз, 40 ұлға 0,5 писсуар лотогы, 30 ұлға 1 қолжуғыш
2	Персоналға арналған қолжуғыш және дәретханалар (жеке)	2 санитариялық торап	3	1 унитаз, 1 қолжуғыш
